Фермерлер қолдаусыз қалмайды
3-бет

Азаттық рухының алтын бесігі
6-бет

Өткенін іздеп келді
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **12 ҚАЗАН**, 2023 ЖЫЛ **№114 (23 290)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Делдал қалта қақса, ауыл қалтырайды

Биыл өткен жылдарға қарағанда көмір сататын орындарда дүрбелең жоқ. Ол арнайы орындарды белгілеп, қысқы отын мөлшерін жеткілікті көлемде әзірлегеннен болып отыр. Бұл – биліктің ұтқаны. Бірақ, ұтылған тұсы – «Көмірге мұқтаж, біз апарғанымызды бәрібір алатын ел бар» деп халықтың қалтасын қаққан делдалдардың алақанын ысқылауы. Алыпсатар байып, халық алақан жаймасын десек, не істеуге болады?





«Шұбаркөл көмір» басшылығы не дейді?

Қазіргі күні ««Шұбаркөл көмір» АҚ дәурені жүріп тұр. Халықтың назары да, алары да осы көмір. Алайда, оларға деген елдің айтары көп. Өйткені, «қара алтын» қымбат. Шалғай ауылдарға жеткенше, баға мың құбылады. «Неге бұлай?» деген сұрақты кенішке жолдадық.

– 2023 жылы биржалық сауда-саттық қорытындысы бойынша коммуналдық-тұрмыстық көмірді көтерме сатып алушы болып, «Көмір гарант» ЖШС анықталды. Биыл біз тұтынушылар үшін алып кету пунктін ашқан жоқпыз, «Көмір гарант» ЖШС-мен келесі елді мекендердің отын базаларында көмір сату туралы шешім қабылдады. Ол – Жезқазған қаласы (Ұлытау облысы), Жаңаарқа кенті (Ұлытау облысы), Осакаровка кенті (Қарағанды облысы), Арқалық қаласы, Аманқарағай станциясы, Қостанай қаласы (Қостанай облысы).

➤ 4-бет

● БӘРЕКЕЛДІ!

Азаматымыз жарады!

Алматыдағы Ұлттық кітапхана республикалық «Үздік жас кітапханашы – 2023» байқауын өткізген еді. Сол байқауда Шет аудандық кітапханасының қызметкері Азамат Нұрахметов бірінші орын алып, Алатаудың етегінде Арқаның мерейін үстем етті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқау нәтижесі бойынша бас жүлдені Алматы облысының кітапханашысы алды. Бірінші орын Азаматтың қанжығасында. Екінші орынды Талдықорған мен Түркістан облысының үміткерлері бөлісті. Үшінші орыннан Қызылорда мен Батыс Қазақстан және Ақмола облысының мамандары көрінді.

Байқаудың барлық қатысушыларына сертификаттар табысталып, жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

– Дайындыққа 1 ай кетті. Қыркүйекте еңбек демалысым еді. Осы байқауға қатысу үшін еңбек демалысымды құрбан еттім. Бұл байқаудан мол тәжірибе алдым, – деді Азамат Нұрахметов.

Шет ауданы

● ӘЛЕУМЕТ

Еңбектің ақысы өтелуі тиіс

Дерекке сүйенсек, ел бойынша 827 кәсіпорын өзінің жұмыскерлеріне 5,9 млрд. теңге берешек. Бұл жайлы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеп отыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік еңбек инспекторлары 20,6 мың жұмыскердің жалақы бойынша алашағы бар екенін анықтады. Берешек кәсіпорындардың басшыларына орындалуы міндетті 1 127 нұсқама беріліп, 134,9 млн. теңгеден астам сомаға айыппұл салынды.

Жалақы бойынша берешекті өтеудің қатаң кестелері мен мерзімдерін белгілеу нәтижесінде 18 мыңнан астам жұмыскердің құқығы қорғалды. Оларға 5,2 млрд. теңге төленді.

Облыстың еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасына өткен 9 айда барлығы 2 791 өтініш түсіпті. Оның 2 093-і еңбекақысын уақытылы төлемеуге қатысты. Өтініштер негізінде тексерістер жүргізіліп, 1 780 жұмыскердің 577,2 млн. теңге берешегі өтелді.

● ДЕНСАУЛЫҚ

Обырдың жолы кесіледі

Елімізде онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспар қабылданды. Жоспар биылдан бастап 2027 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Кешенді жоспар республикалық бюджет комиссиясының отырысында қаралды. Оның нәтижелері бойынша 460,7 млрд. теңге сомасында қаржыландыру қолдау тапты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтау министрлігінде айтылғандай, кешенді жоспар халықаралық сарапшылар мен менеджерлердің, сала мамандарының, оқытушы-профессорлық құрам мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысумен әзірленді.

Оның аясында қауіп факторларының профилактикасы, тиімділігі жоғары ерте диагностика, мамандандырылған емдеуді дамыту, паллиативтік көмек және оңалту, кадрлық әлеуетті және ғылымды дамыту бағыттары жүзеге асырылмақ. Компьютерлік, магниттік-резонанстық, позитрондық-эмиссиялық томографияны, радиоизотоптық зерттеулерді пайдалана отырып, заманауи сәулелік диагностика аппараттарында зерттеп-қарау мүмкіндігін арттыру, телемедицина, жасанды интеллект мүмкіндіктерін белсенді енгізу көзделген.

Елде онкологиялық көмекті жетілдіру – маңызды міндеттердің бірі. Жыл сайын 40 мыңға жуық қазақстандықта қатерлі ісік анықталып, 13 мың науқас қайтыс болады. Бүгінде 205 мыңнан астам адам есепте тұр.

● РЕПОРТАЖ

Қырда қайнаған еңбек

Қырда қып-қызыл науқан. Күзгі жиын-терім жұмыстары қауырт жүріп жатыр. Алқаптағы егін орағы, жайылымдағы шөпті жинау аяқталуға жақын. Ауылдағы ағайынның алаң көңілі де орнына түсе бастады. Біраз шаруаның беті қайтып. Дәл осы жемшөп жиналып жатқан мезетте астықты өңір – Нұра ауданына жол түсті.

Ертеректе егінімен аты танылған Нұра өңірі – Қазақстанның нағыз астықты белдеуі. Дәл іргесінде елдің ордасы Астана, келесі беткейінде кеншілердің астанасы Қарағанды бар. Сол себепті жемшөбі де, астығы да, мал еті де өтімді. Нұрадағы шаруашылықтардың шалқып, дәулеті тасуы – осыдан.

Г.Прокоп комбайн жүргізушілерімен

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өрісінде отар-отар қой өріп...

Сонымен, Нұра кентінен тоқсан шақырымдай ұзап, Изендіге келдік. Мұнда ақтылы қой өргізген, Арқада асыл тұқымды Қарғалы қой тұқымын сақтап қалған ірі «Отқанжар» атты шаруашылық бар. Шаруашылықты алғаш аяғынан тік тұрғызған Қанат Отарбаев өзінің ұлы Аслан Отарбаевқа жақында шаруа қожалығының мөрін табыстапты. Бізді сол Аслан Қанатұлы қарсы алды.

«Отқанжар» қотанында 11 мың қой жусап, 120 ауыл тұрғыны еңбек етіп, нәпақа тауып отыр. Бір отар тоқтыны шопан Жақия Шопабаев күндіз өрістен аранға қамап жатыр екен. Дөп түсіппіз. Қойдың жайын шопаннан артық кім жақсы білсін?! Жақия – шаруашылықтағы үздік шопан. Көктемде бір отар жас тоқтыны қабылдап алады. Санын кемітпей, салмағын өсіріп, қысқа аман-есен жеткізу – осы еңбеккердің мойнында. Шаруашылық басшылары шопанға әбден сенім артқан.

– Жақия ағамыз ертеден осы малдың соңында. Малдың бар бабын беске біледі. Кеңес кезінде де шопан болған. Бұл кісіге өткізген тоқтыларымыз қара күзде қойдай болып шыға келеді. Басқа шопандарға да ақыл-кеңес айтып, білгенімен бөлісіп отырады, – дейді Аслан Отарбаев.

– «Мал өсірсең, қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп, тегін айтпаған болар бабаларымыз. Ғұмырымыз осы аттың үстінде өтті. Көз ашқалы бері қой өсіріп, өрісімізді толтырып келеміз. Әлі де атпен бағамын. Қазір көбіне мотоциклмен бағады ғой. Қойды олай бағу – қате. Қой асықпай баппен жайылса ғана, еті майлы, семіз болады. Осы шаруашылықта еңбек етіп келе жатқанымызға көп уақыт болды. Еңбектің арқасында жаман болған жоқпыз, тәубе. Балаларды қанаттандырдық, – дейді шопанның өзі.

Рас, қой шаруашылығының тағдыры дәл қазір таразыға тартылып тұр. Көп шаруашылық қой жүні керексіз қалғандықтан, осы мәселеге тап болып отыр.

Қарғалы қойының жүні Кеңес Одағы кезінде жеңіл өнеркәсіптің кәдесіне кәдімгідей жараған-ды. Ал қазір Алматыдан, Тараздан келіп, арзан бағаға (келісі 140 теңге) алады. Амалы жоқ шаруашылық өткізеді. Қырқымға кеткен ақшаны да ақтамайтын көрінеді.

Отарбаевтар ұсынып отырған Қарғалы қойының тиімділігі сонда, бұл тұқым – етті әрі жүнді. Бірақ, екі жыл болды, сауда жоғын айтады шаруа басшылығы.

➤ 5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 505.89 ●**USD/KZT** 477.21 ●**RUB/KZT** 4.81 ●**CNY/KZT** 65.41

Қазақстан Ұлттық Банкінің 11 қазан, 2023 жылғы дерегі бойынша

Аймақ кәсіпкерлерінің айтары бар

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Ел экономикасының даму тынысында кәсіпкерліктің үлесі зор. Ал, кәсіпкерлерге Үкімет тарапынан қолдау да жоқ емес. Осы орайда облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аймақтың бизнес-қауымдастығымен кездесті. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің отырысында жер қатынастары, құрылыс саласы және агроөнеркәсіптік кешен проблемалары көтеріліп, маңызды жайттар талқыға түсті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жекешелендіру және инвестициялар бюросының» директоры Александр Перов бос жер учаскелері туралы ақпараттың сайттарда уақытылы жарияланбайтынына, тіпті, мүлдем жоқтығына шағымданды. Ол дүңгіршектер мен көше саудасына жер бөлу мәселесінің де шешім таппай қалып отырғанын айрықша атап айтты.

Ермағанбет Қабдулаұлы бұл өзекті мәселеде кәсіпкерлер мен қала әкімшілігі арасындағы теңдікті сақтаудың қажеттілігіне баса назар аударды. Көше саудасына арналған дүңгіршектер мен құрылымдардың эстетикалық тұрғыда жағымды көрінуі керектігі де назардан тыс қалмады.

«Қазақстан фермерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Игорь Жабяк тозығы жеткен жайылымдар мен суармалы жерлерді қалпына келтіруге тоқталып, ол мемлекеттің шағын және орта ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау қажеттігін де алға тартты.

Ал, кәсіпкерлер салыққа қатысты мәселелерге алаң.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Көгілдір отынға сұраныс көп

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Облыста «Сарыарқа» газ магистралі арқылы аймақтағы қалалар мен жүзден аса елді мекенге табиғи газ жетеді. Газ құбырының құрылысы кестеге сай жүріп жатыр.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай қалаларымен қатар, 120 елді мекенге газ жеткізетін магистральдің құрылысы – аймақтағы ірі жобаның бірі. Қарағандыны газдандыру жүйесі 4 кезең бойынша жүруде. Жұмыстар жоспарға сай 16 іске қосу кешеніне бөлінген. Бүгінгі таңда бірінші және екінші кезеңнің құрылысы толық аяқталды.Үшінші кезеңнің газдандыру құрылысы биыл тәмамдалмақ.

– Облыстың тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы – жеке тұрғын үйлерді газға қосу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның операторы. Қазіргі таңда Қарағанды бойынша – 2000, ал Теміртауда – 2200 үй газ желісіне қосылған. Газдың текше метрі – 40 теңге. Алдағы уақытта бұл баға қымбаттамауы тиіс. Жоба ауыспалы болғандықтан, 2035 жылға дейін жоспарланып отыр, – дейді энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Арман Саттыбаев.

Басқарма мамандарының айтуынша, газ кіргізу шығындарын құбыр құрылысына жауапты компания және тұрғындар төлейді. Құрылыс компаниясы өз есебінен газ құбырын үйге кіргізіп, есептегіш жәшік орнатады. Ал қазандық сатып алу шығындарын және үй ішіндегі газ құбырын орнату, табиғи және улы газға арналған аспап қоюды тұрғындар өз мойнына алады.

– Газға қосылу, не қосылмау тұрғындардың еркінде. Біз – сыртқы газ құбырларына жауаптымыз. Көшенің бойымен газды үйге дейін жеткізуге кететін шығынды үй иесі төлейді. Газ жеткізуді рәсімдеу үшін «Тұрғын үйді жаңғырту орталығы» арқылы 5 жылға пайызсыз несие беріледі. Өтініш бергеннен кейін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚдан техникалық шарттар алады. Келісім мердігерді таңдап, үшжақты шарт жасасу арқылы жүреді, – дейді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қарағанды ӨФ директорының бірінші орынбасары Асфат Олжабаев.

Саран тасжолының бойындағы көше тұрғыны, 60 жастағы Қайрат Мамаев газды шілдеде қосқанын айтады.

– Газға қосылғанымыз бар жағынан ыңғайлы. Автоматтандырылған бақылау жүйесі енгізілген. Монитордағы көрсеткіштерді онлайн бақылауға болады. Белгілі бір жылытатын мөлшерін таңдап, кете бересің. Қазір үйіміздегі жылу мөлшері 25-28 градусты көрсетіп тұр. Кейде ысып кетеді. Көмір жаққанда оны тасып және күлін төгіп қиналатынбыз. Оның үстіне көмірдің шығыны көп, бағасы қымбат, – дейді Қайрат Мамаев.

Жалпы, Қарағандыны газдандырудың бірінші кезеңі 2019-2023 жылдарға жоспарланған. Бұл кезеңде Саран тасжолының бойындағы көшелерден бастап, Кривогуз, Қазақстан, С.Сейфуллин, Бадин көшелеріне газ құбырлары тартылды. Сондай-ақ, газ теміржол желісі бойындағы көшелермен Бұқар жырау даңғылының бойына, одан кейін жаңа қаланың ішкі кварталдарына, Федоровка мен Үлкен Михайловка атанған шағын аудандарындағы тұрғын үйлерге жетті. Биыл қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі жеке секторлардағы үйлерге сондай-ақ, Күнгей ықшамауданына газ жетеді деп күтілуде.

Ал екінші кезеңде төрт іске қосу кешенін салу жоспарланып отыр. Бұл кезеңде қаланың Жаңаөзен ауылы, Қарағандының Фин, Пришахтинск, Ескі Тихоновка бөліктері газбен қамтылмақ. Үшінші кезеңдегі екі іске қосу кешені 2024-2025 жылдарға бағытталған. Ол кезеңде Курьяновский ауылынан бастап, Майқұдықтың 19 ықшамауданы қамтылмақ. Екінші іске қосу кешені Майқұдықтың Берлин, Сахалин, Шахтерлер ықшамаудандарына газ жеткізеді. Соңғы кезеңде Цемент зауыты, Сұрыптау стансаларына газ жеткізіледі деп күтілуде.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Отбасын қолдау орталығы ашылды

Қарағанды облысында пилоттық режимде тұңғыш рет республикадағы Отбасыға көмек көрсету орталығы ашылды. Бұл жерде әйелдер ғана қызмет етеді. Орталық орналасқан ғимараттың іші күңгірт түстерді қолданбастан, жасыл және қызғылт сары түстермен боялған.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз Қазақстанда отбасына көмек көрсетудің алғашқы бірыңғай орталығын құрдық. Полицияға отбасындағы жанжал, ұрыс-керіс туралы хабарламалар келіп түседі. Біз мәлімдемелер бойынша жұмыс жүргіземіз, бірақ жәбірленушілер тек құқықтық көмекке ғана емес, әлеуметтік, психологиялық көмекке де мұқтаж. Мұның бәрі біріктірілді. Орталық бір терезе қағидаты бойынша жұмыс істейді. Осы жерде полициядан, заңгерлерден, психологтан, сот орындаушысынан, теологтан және еріктілерден көмек алуға болады. Сондай-ақ, медиация, дағдарыс орталықтарының өкілдері бар, – дейді Қарағанды облысы полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Құрманғали Исмағұлов.

Отбасына көмек көрсету орталығын көп жылдар бойы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі аға инспектор болып жұмыс істеген Гүлбану Сәтбаева басқарды. Одан бөлек, эксперимент ретінде әйелдер полиция бөлімшесі құрылған. Оның құрамына тергеуші, ювеналды және көші-қон полициясының инспекторлары, есірткі қылмысына қарсы күрес жөніндегі жедел уәкіл, пробация қызметінің өкілі кіреді.

Орталық барлық қажетті заттармен жабдықталған. Қызметкерлер жедел ақпаратқа қол жеткізуі үшін құқық қорғау органдарының ведомстволық базаларына қосылған. Әлеуметтік блокта көптеген мәселелер қарастырылған. Мұнда инклюзия, қорғаншылық және қамқоршылық мамандары жұмыс істейді. Келушілер психологтың көмегін ала алады. Тіпті қаржылық кеңесші бар, ол отбасылық бюджетті дұрыс бөлу туралы және интернет-алаяқтардың айла-амалдарына қалай түспеу керектігін айтады.

Отбасына көмек көрсету орталығы Қарағанды қаласындағы Тәттімбет көшесінде орналасқан.

● РЕСМИ

Көші-қон заңнамасын бұзу анықталды

Қарағандылық полицейлер заңсыз көші-қонның алдын алу және жолын кесу, шетелдіктердің көші-қон заңнамасын бұзу фактілерін анықтау мақсатында «Нелегал» жедел-іздестіру шарасын жүргізген болатын. Нәтижесінде облыс бойынша көші-қон заңнамасын бұзған 363 жағдай анықталды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– 363 құқық бұзушылық тіркелді. Атап айтсақ, көші-қон заңнамасын бұзған 248 шетелдік, сондай-ақ, әкімшілік сипаттағы шаралар қолданылған 115 Қазақстан азаматы бар. Одан бөлек, 32 шетелдік ел шегінен шығарылды, – дейді облыстың полиция департаментіне қарасты көші-қон полициясы басқармасының бастығы Ерлан Оразбаев.

Заңнамада шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалар уәкілетті органдарды үш күн мерзімде міндетті түрде хабардар етуі көзделгенін айту керек. Бұл хабарлама шетелдіктің Қазақстан Республикасында уақытша тұруына рұқсат беретін құжат болып табылмайды. «Хабарламаны E-Qonaq мобильді қосымшасы немесе электрондық үкімет порталы арқылы ресімдеуге болады», – дейді басқарма бастығы.

● БРИФИНГ

Жоба жаңашыл жастарды іздейді

Аймақта 18-35 жас аралығындағы жас қазақстандықтардың бизнес-идеяларына қаржылай қолдау көрсететін Zhas Project бастау алды. NEET жастарды әлеуметтік-экономикалық өмірге және өнімді жұмысқа тартатын әлеуметтік жоба аймақта екінші рет жүзеге асуда. Биыл 14 жас бір миллион теңгеге дейін грант алады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталмыш жоба әлеуметтік бизнес-идеяларды қаржыландыру арқылы халықтың осал топтарын, әсіресе, ауылдық жерде тұратын жастарды қолдауға асық. Жоба өткен жылы Алматы, Жетісу, Қарағанды, Ұлытау, Маңғыстау және Түркістан облыстарында пилоттық режимде сәтті жүзеге асқан. Биыл еліміздің барлық 20 аймағында іске қосылды. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қазақстанның экологиялық қорының» төрағасы Айгүл Әбдуалиева мәлім етті.

– Жоба Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының тапсырысымен іске асады. Жастарға әлеуметтік-экономикалық жағынан іскерлік тұрғыда өзін байқап көруге мүмкіндік береміз. Гранттар конкурсына, біріншіден, NEET санатындағы жастар қатыса алады. Ол – қазіргі уақытта жұмыссыз жүрген, білім жүйесімен қамтылмаған, оқымайтын жастар. Қатысу үшін жеке куәлігіңіздің көшірмесін, электронды үкімет порталындағы жеке кабинетіңізден облыс бойынша тіркелгеніңізді растайтын құжаты, қатысушының осал жағдайын растайтын құжаттарды қоса беру қажет. Әлеуетті қатысушылар веб-ресурста жеке тіркеліп, нысанды толтырып, қажетті құжаттарды тіркеуі керек. Ал, байқау ережесімен zhasproject-karaganda-kostanai.kz веб-порталында танысуға болады, – деп атап өтті Айгүл Әбдуалиева.

Төрағаның айтуынша, жобалар веб-порталдан онлайн режимде қаралады. Қатысушылар мен комиссия мүшелерінің аты-жөні жасырын болуы – жобаның таза, әрі әділ өтуіне мүмкіндік береді.

– Жобаларды іріктеуде техникалық және конкурстық комиссияның шешіміне қараймыз. Комиссия құрамына қоғамдық ұйымдар, әкімдіктер, мәслихаттар, оқу орындарының өкілдері, журналистер мен блогерлер кіреді. Жобаларды веб-ресурста қашықтан қарауға мүмкіндік бар, – деді спикер.

Айгүл Әбдуалиеваның айтуынша, грант жеңімпаздарының қаржысы жобалық кеңсенің балансында болатындықтан, жеңімпаздар гранттық қаражатты жеке басқара алмайды. Жобаға қатысқаннан кейін барлық сатып алынған жабдықтар мен тауарлар қатысушыларда қалады. Бұл төлем әдісі қатысушылардың өз жобаларын жүзеге асыруға көбірек қатысуы және қаржылық құжаттарды дайындауда қиындықтарға тап болмас үшін қарастырылған.

Айта кеткен жөн, өткен жылы Zhas Project аясында аймақтағы жастардың бірнеше жобалары қолдау тапқан. Соның бірі – 28 жастағы Бибігүл Нүрпейісованың «Анамның балабақшасы» жобасы. Шағын грант иегері қаржыға Шахтинск қаласынан 30 балаға арналған мектепке дейінгі мекеме ашып, жұмысын жүргізіп отыр.

– Zhas Project жастарды қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне баулып, өзін іскерлік қоғамда байқап көруге мүмкіндік береді. Жоба аясында «Мен өзім», «Мектепалды даярлық» атты топқа бөлінген балалармен жұмыс істеймін, – дейді ол.

Биылғы жоба жеңімпаздарын анықтау 2024 жылдың қараша айына белгіленген. Үздік авторлар арнайы өткізілетін форум аясында марапатталмақ.

● МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Фермерлер қолдаусыз қалмайды

Облыстық бюджет қатаң бақылауда. Әр тиынның қайда және қалай жұмсалатынын қырағы қадағалап, шашау шықпауын бақылап отыратын облыстық мәслихат депутаттары кезектен тыс VIII сессияда 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетке өзгерістер енгізді. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы саласына бөлінетін қаржыны қайта қарастырды. Себеп – ауа райының қолайсыздығына байланысты облыс аграрларының қиындыққа ұшырауы. Отырыс облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Қобжанов пен облысы әкімінің орынбасары Бауыржан Асановтың қатысуымен өтті.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бюджетті қайта қарау – бұл бұған дейін қабылданған қаражат сомасын ұлғайту немесе кемітуді білдірмейді. Атап айтар болсақ, үнемдеу есебінен олқы тұстарға бөлінетін қаржы көлемі ұлғайтылады. Бұл туралы облыстың қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина мәлімдеді. Оның айтуынша, өсімдік, мал шаруашылығын субсидиялауға бөлінетін шығыстар артады.

– Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының деректері бойынша, ауыл шаруашылығы техникасының қымбаттауына және Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесінің жоғары деңгейіне байланысты облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің сатып алу қабілеті төмендеді. Бұл осы бюджеттік бағдарлама бойынша өтінімдер түсімдерінің азаюына әкелді. Пайда болған үнемдеуді бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ұсынысы бойынша пестицидтердің, тыңайтқыштардың құнын субсидиялауға, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, несиелеу кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдықтарын сатып алуға және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қосымша өтінімдеріне байланысты қайта өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялауға лизингке қайта бөлу ұсынылады, – дейді Людмила Викторовна.

Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин фермерлердің шығындарын субсидиялау бойынша биыл қанша қаражат сұралғанын да айтты. Жалпы көлемі – 3 млрд. 884 млн. 166 мың теңге. Бюджет қаражатының 134 млн. 435 мың теңгесі пестицидтерді, яғни, ауылшаруашылық өнімдерін зиянкестерден, паразиттерден, арамшөптерден қорғау үшін қолданылатын химиялық қоспаларды субсидиялауға сұралған. Ал, тыңайтқыштарды субсидиялауға 8 млн. асыл тұқымды мал шаруашылығын субсидиялауға 890 млн. 506 мың теңге сұралыпты. Фермерлер алатын несие сыйақысы мөлшері де субсидияланатынын да ескеру қажет. Бұл ретте ол үшін бюджеттен сұралған сома көлемі –1 млрд. 402 млн. теңге. Қайта өңдеу кәсіпорындарының шығындарын субсидиялауға да қайта қаражат бөлу сұралған. Көлемі – 57 млн. 255 мың теңге.

Басқарма басшысының фермерлерді қолдау үшін сұраған қаражатын депутаттар бірауыздан қолдап, бюджетке өзгеріс енгізу шешімі қабылданды.

Кезектен тыс VIII сессияда қаралған тағы бір мәселе – «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағын беру. Естеріңізде болса, жыл сайын облыстың өсіп-өркендеуіне еңбегі сіңген 3 адамға аталған атақ беріледі. Облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов депутаттарға «Құрметті азамат» атағына лайық 3 адамның кандидатурасын ұсынды. Бірінші ұсынылған – қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мәдениет министрлігінің экс министрі, 2008-2022 жылға дейін халықаралық «Түрксой» ұйымының бас хатшысы болған Дүйсен Қасейінов.

– Дүйсен Қасейінов «Түрксой» ұйымының бас хатшысы болған кезде облыстың өнер ұжымдары Түркия, Швейцария, Франция, Испания сияқты елдерде өнер көрсетуге мүмкіндік алды. Одан бөлек, біраз өнер ұжымдарының академиялық атақ алуына, биыл Түркияның астанасы – Анкара қаласында Тәттімбет ескерткішінің ашылуына себепкер болған, – деді Нұрлан Бикенов.

Басқарма басшысы ұсынған екінші кандидат – ҚР Журналистер одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері, Марат Қабанбай және Ғабит Мүсірепов атындағы сыйлықтардың лауреаты, Қазақстанның Құрметті журналисі, үшінші дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері – Төрехан Майбас. Төрехан Майбас зейнет жасына қарамастан, өлкетану зерттеу жұмыстарымен айналысуда. Сонымен қатар қазақ халқының этнографиясын дамытуға өз үлесін қосуда. «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағына лайық тағы бір кандидат – ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, спорт қайраткері, Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаты Валерий Громов.

– Валерий Громов ұлттық, халықаралық спорттың дамуына үлес қосты. Осы жылдар ішінде ол облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасында басшылық қызметтер атқарды. Зейнет жасына қарамастан бұқаралық спортты дамытуға атсалысуда. Қоғамдық-саяси қызметтен де тыс қалған емес, – деді Нұрлан Рахметоллаұлы.

Аталған үш адамның кандидатурасын депутаттар бірауыздан қолдады.

Жиын соңында сөз алған Бауыржан Асанов дер кезінде өткізілген сессия жұмысы үшін облыстық мәслихат депутаттарына алғысын білдірді.

– Құрметті депутаттар, сіздердің бастамаларыңызбен сессия дер кезінде өтті. Ауа райының қолайсыздығы ауыл шаруашылығы саласында тауар өндіруші – фермерлерді қиындыққа ұшыратты. Ішкі резервтегі қаражатты бөлуге бірден бір септігін тигізіп отырған сіздердің жұмыстарыңыз, – деді Бауыржан Асанов.

Сессияда облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нүркенов депутат Елдос Жүнісовті партиялық тізім бойынша тіркеу туралы хабарлады. Елдос Жүнісов мерзімінен бұрын кеткен депутат Т.Өтеубаевтың орнына облыстық мәслихат құрамына енгізілді және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамына қабылдау туралы шешім қабылданды.

● ДЕНСАУЛЫҚ

Ерекше ота жасады

Қарағандылық дәрігерлер бірегей ота жасады. Науқастың төменгі жақ сүйегіндегі ісікті сүйегімен алып тастап, орнына асықты жілік шыбығынан жақ салып берді. Бірнеше бағыттағы бірегей ота 8 сағатқа созылыпты. Дәрігерлердің айтуынша, қазір науқастың жағдайы жақсы, осы аптаның соңында ауруханадан шығады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, мұндай операция түрі сирек кездеседі. Алматыда – бір, Астанада екі рет жасалған екен. Қарағанды медициналық университеті клиникасының дәрігерлері жасаған операция өңірдегі – алғашқы, Қазақстандағы төртінші саналады.

Клиниканың бас хирургы, профессор Нұрқаси Абатовтың айтуынша, отаның күрделілігі бірнеше сала мамандарының бір мезетте қатысуында.

– Бұл операция үшін мәскеулік хирургтар шақыртылды. Жақ сүйек, пластикалық хирургтар, микрохирургтар, тіс салатын хирургтар жұмыс істеді. Бірнеше кезеңмен жасалатын ота ғой негізі. Бірінші ісікті алу, сосын жіліктен сүйек алып оны жақтың формасындай қалыптастыру, оны жаққа салу, тамырларын қалпына келтіру керек. Егер тамырлары бітеліп қалса, бір-бірімен дұрыс бірікпесе, жасалған істің барлығы зая деген сөз, – дейді Нұрқаси Төлепбергенұлы.

Дәрігердің айтуынша, ендігі негізгі міндет – мұндай операцияларды алдағы уақытта өзіміз жасау.

– Қазақстанда мықты мамандар, хирургтар бар, техника да қолжетімді. Тек мұндай отаны жасауды үйрену керек. Сосын оны өз мамандарымыз жасауы керек, – дейді ол.

Дәрігер бұрын мұндай ота кезінде сүйек емес, металл салынғанын айтады. Алайда, ол уақыт өте келе тесіп шығуы мүмкін. Одан кейін оған инфекция түседі, іріңдейді. Ал, сүйек салу барынша тиімді, алайда, қиындығы микрохирургиясында. Бас хирург «темірмен» жүрген тағы бір резидент бар екенін де айтып қалды.

Жақ сүйек хирургы Марат Айдосовтың айтуынша, екі бригада жұмыс істеген.

– Жақ сүйек хирургтары ісікті алып тастағаннан кейін микрохирургтер науқастың жілігінен сүйек алып, салды. Әрине, оны алып сала салу емес, оны келтіру керек. Сосын біз қайта кіріп дайын сүйекті орнаттық. Бізден кейін микрохирургтер сүйектің тамырларын жалғады. Бұл – командалық жұмыс. Оны барлық клиникалар ұсына алмайды. Бұл сүйекке тіс те орналастырылды. Біз отаға ресейлік хирургтармен бірге қатыстық, – дейді Марат Рахимұлы.

Науқас Камила Қожантаева – болашақ радиолог, Астанада резидентурада оқиды. Оның айтуынша, ауру ақпан айында анықталған.

– Ісік стоматологқа барғанда рентген кезінде анықталды. Одан кейін бірқатар мамандарға бардым. Ең жақсысын таңдадым. Қазір міне, сөйлей аламын. Сұйық тағамдар іше аламын. Кеше аяғымнан тұрып көрдім. Жағдайым қалыпты. Ісік қатерлі емес, бірақ, көлемді болды, – дейді Камила.

Мұндай науқастар бұрын қымбат шетелдік клиникаларға барып емделуге мәжбүр еді. Қазір отандық мамандардың тәжірибесі артып, бұл процедура бізде де қолға алынуда.

Туберкулезге қарсы жоба

Бөкетов университетінің ғалымдары туберкулезге қарсы дәрілік заттарды жеткізудің коллоидтық жүйелерін әзірлеуге арналған жобаны жүзеге асыруда.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғылыми қызметкері Альдана Ғалиқызының айтуынша, ингаляциялық дәрілік форманы қолдану туберкулезге қарсы препараттарды өкпеге тікелей жеткізуге мүмкіндік береді. Дәрінің уыттылығын төмендетеді.

– Қарағанды медицина университетінде M.Tuberculosis дақылдарында туберкулезге қарсы дәрілерге сезімтал және төзімді нанобөлшектердің микробқа қарсы белсенділігі зерттеледі. Жұмыс тобы мүшелерінің жоспарлы іс-сапарлары аясында кейбір зерттеулер Рединг университетінде және Чехия ғылым академиясының макромолекулалық химия институтында жүргізілетін болады. Зерттеу нәтижесі полимерлер химиясының, фармацевтикалық нанотехнологияның дамуына үлес қоспақ. Жоба туберкулез індетімен күресуге бағытталған, – деді Альдана Ғалиқызы.

Айта кеткен жөн, туберкулез – әлем бойынша екінші орында тұрған аса жұқпалы инфекциялық ауру. Ағзаның әлсіреуі кезінде белсенді күшке енетін аурумен күрес – дамушы елдер үшін де өзекті.

● ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Саябақтағы сабақтастық салтанаты

Қадамың құтты болсын, жас өрен! Қарағандының орталық саябағында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті студенттерді қабылдау кешін өткізді. Саябақ сахнасында білім ордасының жоғарғы курс студенттері өнер көрсетті. Жастар сауық-сайран құрды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірінші курс студенті қабылдау кешін асыға күтетіні анық. Ол да бір студенттік өмірдің қызығы. Биылғысы орталық саябақта дүркіреп өтті. Білім ордасының ректоры Нұрлан Орынбасарұлы сөз алып, қатарға қосылған жас өрендерді құттықтады.

– Бүгін біз студенттер қатарына қабылдау рәсімін ерекше жағдайда атап өтудеміз. Өйткені, кеншілер қаласы атанған Қарағанды мен біздің университеттің тарихы бір-бірімен тығыз байланысты. Ұлтының асыл перзенті Евней Арыстанұлы іргетасын қалап кеткен білім шаңырағынан талай түлек түлеп ұшып, Қарағандының ғана емес, жалпы еліміздің дамуы жолында қызмет етіп жүр. Сіздер де үлкен белестерді бағындырасыздар деп сенемін. Қабілетті, білікті маман атанасыздар. Бірінші курс студенттеріне ақжол тілейміз! Республикамыздың түпкір-түпкірінен жиналған, қара шаңырағымызға білім алуға келген студенттердің биік белестерден көріне беруіне біз әрқашан тілектеспіз. Қамсыз болашаққа қамдану бүгіннен басталсын! – деді Нұрлан Орынбасарұлы.

Салтанатты кеште университет өмірі үшін маңызды шара атқарылды. Қалалық мәслихаттың төрағасы Алтынтөре Бөкенов, шаһар әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова, «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағанды облысы бойынша филиалының басшысы Ержан Хамитов Студенттік Парламент депутаттарына мандаттарын табыстады. Бұл депутаттар 4 қазан XV шақырылымда сайланған.

– Құрметті студенттер, Сіздерді шын жүректен құттықтаймын! Бұл университеттен талай өрен қанат қағып, шыңға қанат қаққан. Болашақ – сіздердікі. Студенттік сапарларыңыз оң болсын! – деді Алтынтөре Бөкенов.

Студенттік Парламент депутаттары студенттердің тыныс-тіршілігінің маңызды мәселелерін шешуде, университет басшылығымен өзара іс-қимыл аясында студенттердің мүдделерін қорғау мақсатында құрылған. Биыл Парламенттің құрылғанына 20 жыл толыпты.

Биыл университетке 3 мыңға жуық талапкер келіпті. Мектеп өмірінен енді келген ұл-қыздардың көңілін алдыңғы толқын өкілдері әнмен, бимен көтерді. Елге танылған эстрада жұлдыздары арнайы шақырылыпты.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Хайуанаттар бағы жаңа ғимаратқа көшті

Қарағанды зообағы түбегейлі көптен күткен күрделі жөндеуден өтті. Бұнда үш қабатты жаңа ғимарат салынды. Енді хайуанаттарға жайлы болмақ. Себебі, жаңа мекендері бұрынғыға қарағанда әлдеқайда кең әрі қолайлы. Бұл туралы зообақ директоры Гүлнара Адамбекова мәлімдеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл күнді 7 жылға жуық күттік. Ескі ғимараттың іргесі сөгіліп, қабырғалары қақырап, құлауға шақ қалған еді. Содан соң барлық термофильді жануарларды, жыртқыштар мен шөпқоректілерді шағын торларға орналастыруға мәжбүр болдық. Шыны керек, бұған дейін зообақ жануарлары кәдімгі құрылыс вагондарында тұрған еді. Ал, оның іші аңқұсқа қаншалықты жайсыз екенін білесіздер, – дейді ол.

Расында, жануарлардың тар орыннан шыққаны көрініп-ақ тұрды. Олар жаңа қоныстың кеңдігіне үйрене алмай, бұрыштарға жайғасты. Үш қабатты ғимарат аумағы – 3 мың текше метр. Ғимараттың сыртқы келбеті де көз тартарлықтай көрнекті. Құрылысшы мамандардың сөзінше, биыл жыл басында тек қаңқасы ғана құрылған ғимаратты уақытылы тәмамдау қиындық тудырмаған.

Ғимараттың ішкі құрылысына келер болсақ, фойенің ортасында лифт орнатылған. Сондай-ақ, жануарлар әлеміне жол бастар екі өткел бар. Дәліздер ғимараттың оң және сол қанаттарына апарады. Келушілерді бамбук орманындағы пілдердің, жирафтардың және пандалардың суреттері мен рельефтері қарсы алады. Хайуанаттар бағының директоры Гүлнара Адамбекова фойе қабырғаларын хайуанаттар бағында бұрын-соңды болмаған, бірақ бір күні міндетті түрде пайда болатын жануарлардың суреттерімен безендіруге шешім қабылдағанын айтты. Оның айтуынша, бұл зообақ қонақтарына тосын сый болмақ.

Сонымен қатар, жедел сатының ту сыртында қолтырауын мен тасбақа қоршаулары орналасқан. Тасбақалар жаңа орынға келісімен жылыту қондырғыларына жабысып алған. Жаңа орынның жаққанын содан-ақ білуге болады дейді зообақ қызметкерлері.

Жоспар бойынша сол қанатта приматтар мен жыртқыштардың бөлімдері орналасуы керек. Гүлнара Адамбекованың айтуынша, жыртқыштар бөлімінде олардың кішкентай күшіктері де өмір сүреді. Мысалы, сервалдар, ягуарлар және жаңа туған арыстандар. Келушілердің басым көпшілігіне қызық болған маймылдар жайы да біржақты шешілді.

– Маймылдар өздерінің жаңа қоршауларын қуана қабылдады. Бұл жануарлар көптеген жылдар бойы кішкентай торларда өмір сүрді. Онда тек жалғыз баспалдақ, қоректендіргіш қана еді. Ал, шын мәнінде, маймылдар бәрін сезінеді және түсінеді. Оларға арналған баспалдақтарға, сөрелер мен арқандардың барлық түріне тапсырыс берілді. Шындығында, олар жаңа қоршауға кірген кезде жаңа пәтерге көшкен адамдар сияқты әсерде болды. Алдымен олар тынышталды. Содан кейін, қуаныштарын жасыра алмай, асыр салып ойнап кетті, – дейді директор.

Ал, ғимараттың оң қанатында орнитология бөлімі орналасқан. Онда әртүрлі суда жүзетін құстар, пеликандар және қара аққулар орны қарастырылған. Сонымен қатар, жыртқыш құстар, түйеқұстар, және одан басқа ұсақ сүтқоректілер, меркаттар, мангоздар, кенгуруларға да орын жеткілікті. Әзірге әр аңға лайық қоршаулар тек бір данадан ғана. Болашақта 5-6 орынға орналастыру жоспары бар екен.

ҚАРАҒАНДЫ

Делдал қалта қақса, ауыл қалтырайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көмір аталған отын базаларына теміржол арқылы үздіксіз жеткізіледі. Осылайша, осы өңірлер тұрғындарының «Шұбаркөл» разрезіне бармай-ақ және бірнеше күн бойы көмір үшін кезекте тұрмай-ақ көмірді өз елді мекендерінде сатып алуға мүмкіндігі бар.

«Шұбаркөл көмір» АҚ биыл тек Қарағанды облысы Нұра ауданы мен Ұлытау облысы Ұлытау ауданының тұрғындары үшін көмір алып кету алаңын ашты. Әкімдіктен машиналар тізімі алынды. Ұлытау облысының басқа аудандары үшін Жаңаарқа станциясының тұйық теміржолында отын базасы жұмыс істейді. Көмірдің сату бағасы – 13 мың 500 теңге.

Қорғалжын кентінің тұрғындары көмірді Астана қаласында сатып ала алады. Мұнда «Шұбаркөл көмірі» үш бөлшек сауда нүктесінде сатылады. Жылыту кезеңінде Астанаға күн сайын 10-15 вагон көмір жеткізіледі.

Қарағанды облысы Нұра ауданының теміржол станцияларынан (Баршын, Бестамақ, Жанбөбек, Қарақасқа, Құланөтпес, Талдысай, Тікенекті, Соналы және Нығман) алыс орналасқан кенттерінің тұрғындары үшін олардың елді мекендеріне барынша жақын қашықтықта қосымша отын базалары ашылатын болады.

Бүгінгі таңда «Шұбаркөл көмір» алаңындағы көмірдің сату бағасы өзгеріссіз қалды – тоннасына 8 мың 790 теңге, – деп жауап берді «Шұбаркөл көмір» АҚ баспасөз хатшысы Дамира Қожахметова.

Ауылдағы ағайынның уәжі

«Ауылда көмір қымбат» дегенді естіп, елге хабарластық.

– «Шұбаркөл көмірін» жағамыз жылда. Биыл да тапсырыс беріп алдырдық. Бір тоннасын 21 мың теңгеге алдық. Және 2500 теңге жеткізуі бар. Бұрынғы алып жүргендей емес, қызуы бар болғанымен, жаман көмірді араластырып жібереді-ау деймін. Ірісінен ұсағы көп, – дейді Сәкен кентінің тұрғыны Алмас Жұманов.

Ал Шет ауданына қарасты Бұрма ауылында тұратын Қарлығаш Шәтекова болса, оларға да осы бағамен жететінін айтады.

– Бізге 21 мың теңгеден әкеліп жатыр бір тоннасын. Ал, жеткізу бағасы – 5 мың. Тұмсық ауылында тұратын туыстарым көмірді сатып алуынан басқа 20 мың теңгені әкеліп бергені үшін қолдарына ұстатқан. Қармыс ауылына 15 мың теңгеге жеткізеді. Ауыл арасы небәрі 10-15 шақырым ғана. Еріксізден аламыз. Қыстан шығуымыз керек қой, – дейді ол.

«Шұбаркөл» 8 мың 790 теңгеге «Көмір гарант» ЖШС-ке сатса, олар халыққа 13 500 теңгеден өткізсе, 21 мың теңге қайдан шықты? Делдал ұтып, жұрт ұтылып тұр.

Айып алыпсатарда ма?

Шілде айында Қарағанды облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте көмірмен қамтамасыз ету жұмыстары жөнінде айтылған болатын. ҚР ИИДМ Индустриялық даму комитетінің төрағасы Азамат Панбаев: «Қарағанды облысының көмірге деген қажеттілігі – 1 млн 156 мың тонна. Министрлік жүйелі шараларды қабылдап жатыр. Біріншіден, республика деңгейінде тиісті іс-шаралар жоспары әзірленіп, бұл жөнінде барлық әкімдікке жеткізілді. Екіншіден, көмірді автокөлікпен республика аумағынан әкетуге толық тыйым салынды. Бұл шешімнің негізгі мақсаты – алыпсатарлар санын азайту және болдырмау», – деген еді.

Сол уақытта облыста көмір сатылатын 52 орын белгіленгені, олардың 20-сы Қарағандыда орналасқаны да айтылды. «Мамандардың бағалауынша өңірді толығымен қамтамасыз ету үшін көмір қоры жеткілікті» деп те жазылды баспасөз беттерінде.

Шалғай ауыл ғана емес, теміржол бойындағы станция тұрғындары да көмірді қымбатқа сатып алуда. Халық «Шұбаркөлге» наразы, «Көмірінің бағасы удай» деп, олар болса, «Біздің баға арзан» деп шырылдайды. Кім кінәлі? Бар айып алыпсатарда ма?

Тақырыптың түйіні

Мақаланың нүктесі «Маған керегі сапалы да қызуы бар көмір, жылдар бойы жатып қалған немесе піспеген арзан көмір аламын деп, қыстан қалтырап шығып жүрмейін» деген ауылдықтардың жанайқайымен қойылмақ. Нүкте қойсам да, алақанын ысқылаған делдал көз алдымнан кетер емес...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



● МӘСЕЛЕ

Жайылымдар жаңартылады

Облыста пилоттық жоба бойынша елді мекендер маңындағы тозған жайылымдық жерлер қалпына келтірілуде. Атап айтқанда, көпжылдық шөптер егіледі. Бұл өз кезегінде мал жаюға арналған жер тапшылығы мәселесін шешуге және шөпті уақытылы жинауға септігін тигізеді.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыстардың нәтижесі алдағы екі жылда оң нәтиже бермек. Алдымен шөп жерсініп, көтерілгеннен кейін, жаңартылған жайылымдарға малды жіберуге болады. Жоба облыстық бюджет есебінен қаржыландырылады.

– Бүкіл Қазақстан бойынша мал жаюға арналған жайылымдардың тапшылығы проблемасы бар. Оны шешу үшін тозған жерлерді қалпына келтіру жобасы іске қосылды. Облысымызда алғаш рет бұл жоба Бұқар жырау ауданында 2020 жылы іске асырылып, 800 гектарға жуық жер қалпына келтірілді. Қарқаралы ауданында 1000 гектарға жуық жайылымдық жерлерді қалпына келтіретін жеткізушілер анықталды. Қазіргі уақытта Қарқаралы ауданында Ынталы, Абай және Нұрмақов ауылдарының маңында осы бағыттағы жұмыстар жүргізілуде, – дейді облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сырым Бошпан.

Қарқаралы ауданындағы Ынталы ауылының маңындағы 500 гектар жерді қалпына келтірумен «Медет Агро» өндірістік кооперативі айналысуда.

– Бүгінгі таңда жер жырту жұмыстары жүргізілуде. Осыдан кейін агрономдар ылғалдылық пен басқа да параметрлерді анықтау үшін жер сынамаларын алады. Біз бұл алқаптарға еркекшөп себуді жоспарлап отырмыз. Ол біздің климаттық жағдайымызға жақсы бейімделеді және ерекше күтімді қажет етпейді, – дейді «Медет Агро» ӨК өкілі Жарас Ақтаул.

Жайылымдық жерлерді жақсарту жұмыстары облыстың басқа аудандарында да жалғасады. Айта кету керек, облыстағы жайылымдық жер көлемі – 18,5 млн. гектар.

● ЖЕТІ ҚАЗЫНА

Тазыны құдыққа тастаған кім?

Қарағанды еріктілері қазақы тазыны құтқарды. Шахтинск қаласы маңындағы өлексе тастайтын орындардың бірінен иттің ұлыған дыбысын естіген жолаушылар еріктілерге хабар берген. Олар онда жедел жетіп, дыбыстың 10 метр етіп қазылып, бетондалған шұңқырдың бірінен шыққанын анықтайды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол кәдімгі жеті қазынаның бірі – қазақы тазы болып шығады. Еріктілер уақыт созбай қарағандылық альпинистерге байланысқа шығып, тазыны құтқаруға кіріскен.

– Шұңқырдың темір есігінде құлып тұруы шарт. Алайда, ол құлыпсыз болып шықты. Үлкен шойын қақпақты 2-3 жігіт әзер аштық. Иттің онда қалай тап болғаны әзірге беймәлім. Өлексе тасталатын орынның иісі әсте жағымсыз. Оның үстіне хлорланған аумақтың буы мұрынды жарып, көз жасаурап, бас айналады. Осындай иіс пен ауызы тас жабылған шұңқырда тазының шыдап жатуы және 10 метрлік шұңқырдан құлап, аман қалғанына таңбыз, – дейді құтқарушылардың бірі.

Қазіргі таңда тазы толық тазарту мен тексерістен өтті. Десек те, арнайы чип болмағандықтан иесін табу қиындық тудырып отырса керек. Еріктілердің айтуынша, адамнан әбден зәрезап болып, қорқып қалған. Бүгінде ол Шахтинск қаласындағы «Кот и пес» атты қараусыз ит-мысықтар мекеніне жеткізілген.

Қырда қайнаған еңбек

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Пандемия кезінде өте жақсы өтіп еді. Біздің тұтынушыларымыз көбіне Астанадан. Оңтүстіктен де әкетіп жатады. Шымкенттен. Түркістаннан. Екі жыл болды, қой бұрынғыдай өтпей тұр. Бағасын да түсірдік. Айт кездерінде ғана тоқтаусыз саудаланады, – дейді Аслан Қанатұлы.

Аз-кем арадағы әңгімені көк трактордың гүрілі бөлді. Мойынымызды созсақ, ферманың шөпқоршауында бір топ жігіттер шөп маялап жатыр.

Биыл шөп түсімі аз. Жаңбыр жаумады. Құрғақшылық көп шаруаның қолын байлады. Мұндай тапшылықты да «Отқанжар» шаруашылығы сезініп отыр. Жеті-сегіз жыл бұрынғы шөп қорын бұзып, қайта маялап жатыр.

– Жылда 4000 тонна шөп жинайтын едік. Биыл 2000 тонна ғана шөп түсірдік. Абырой болғанда ескі шөп қорымыз бар. Соны бұзып, қайта үйіп жатырмыз. Шөбімізді жартылай рулондаймыз, – дейді шаруашылық механизаторы Тұтқабай Смағұлов.

Шөп науқаны кезінде үш бригада жұмысқа кіріседі. Әр бригадада үш трактордан бар. Техника саны жеткілікті.

Элеватор орталығы



Ең үздік шопан Жақия Шопабаев

Онымен қоса, шаруашылықта жылқы бар. Ауыл шетінен арнайы «Отқанжар» мал кешенін ашып қойған. Мал бордақылайды. Оны соятын арнайы пункт бар.

25 жастағы Сағыныш Есенбеков жазда механизатор, күзде бордақыға тікелей өзі жауап береді. Қасында Ардақ есімді көмекшісі бар.

– Негізі, бордақыда тұрған малға жем көп беру керек. Және белгілі бір уақытта. Сосын суы салқын, таза болу керек. Мал суға семіреді. Қазір 21 тай-жабағы тұр. Қоңдары жаман емес. Осы жерден өтеді. Ас-тойға алады, – дейді Сағыныш Есенбеков.

Ірі шаруашылық ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып қана отырған жоқ. Ауылдағы қандай да болсын жақсы бір істің демеушісі – осы «Отқанжар». Артық айтты демеңіз, тұтас ауылды ұстап отыр.

Изенді ауылындағы жұмыс та қызу. Ауыз суды әр үйге тартып жатыр. Бұл да ауылдағы ағайын үшін үлкен қуаныш. Мұнымен қоса, жақында Бейбіт Масабаев атындағы бокс залы ашылыпты. «Batyr bolamyn» қайырымдылық қорының қолдауымен ашылған залда ауылдың 50-ден аса баласы жаттығады.

Жараспайдың жанашыры

Жоғарыда да айта кеттік, Нұраның астықты алқап екенін. Арқаның алтын қамбасына айналған өңірде егістік шаруашылығымен айналысатындар көп. Дегенмен, ірі шаруашылық иелері елге, ауылға демеу болып отыр.

Осы секілді жолымыз түскен «Жараспай» атты шаруашылықтың Жараспай ауылына шарапаты тиіп отыр. Шаруашылық басшысы Сейілхан Қоңырбаев алпыстан аса адамға жұмыс беріп отыр. Шаруашылық бағыты – егін. Өрісін малға толтырудан қашпақ емес мұндағы жұрт. Тек, ауыз су мәселесінің бүгін-ертең шешімі табылар емес. Егістік алқабындағы берекелі тіршілікпен-ақ елден қалып отырған жоқ. Шағын ғана ауылдың үлкен жүректі жанашыры Сейілхан Оспанбайұлы туған топырағынан аянған емес. Ауылына жол салып, ұялы байланыс орнатып берген. Одан бөлек, қандай да бір ауыл шаруашылығының түрлі техникасы бар автопаркте жыл он екі ай жұмыс тоқтамайды. Өйткені, шаруашылықтағы шаруа солардың күшімен өнеді. Техниканың тоқтаусыз жүріп тұруы – еңбек күші үшін аса маңызды.

– Күтім көрмеген жер тоза бастайды және оны арамшөп басып кететіні айдан анық. Жер – біздің анамыз. Біз анаға қандай құрметпен қарасақ, жерге сондай құрметпен қарауымыз керек. Сонда жердің де берері мол болады. Жердің тілін білсең, тілдей жерден жылдық өнім аласың, – дейді Сейілхан ағамыз.

Шаруасы шалқыған «Шахтерское»

Қамбасы астыққа толған Сейілхан Оспанбайұлының егін алқабы «Шахтерское» шаруашылығымен іргелес жатыр. Иә, «Шахтерское» – Арқадағы алпауыт шаруашылық. Серіктестік басшысы Георгий Прокоптың шаруасы шалқыған. Ал ел аузындағы Шахтер ауылы – ажарлы. Мұндағы тұтас ауыл егінде еңбек етеді. Екі кісінің басы қосылса, әңгіме егін жайында өрбиді.

Әуелі алқаптағы бригаданың жұмысын көрдік. Комбайндар әрлі-берлі егін орып жүр. Бидай тиеген «КамАЗ»-дар келесі рейске асыққан. Олар астықты бригаданың орталығына тасиды. Онда элеватор бар. Орақтан жаңа келген бидай кептіріледі. Айтпақшы, мұндағы егін оратын комбайндардың бәрі жаңа. Шаруа иесі мұны дәстүрге айналдырған, техниканың бәрін жыл сайын жаңартады.

Шөп бригадасы

шаруаға қолдау қажет болса, Сейілхан Оспанбайұлы жолынан жығылған емес. Сол үшін де Жараспайдың жанашырын ауылдастары құрмет тұтады.

Мәселен, жақында ғана мұғалімдер мерекесіне орай ауыл мектебіндегі мұғалімдерге бір қап ұннан сыйлапты. Осы секілді үнемі ауыл, аудан халқына әлеуметтік көмек көрсетіп жүреді.

– Дәулетім асып-тасығаннан емес, мен – осы топыраққа қарызбын. Менің перзенттік борышымның өтеуі, – дейді жомарт жүректің өзі.

Шаруашылық биылғы межені ойдағыдай өндіріп алыпты. Қырмандағы қызу тіршілік саябырсыған. Механизаторлардың дені комбайн, басқа да техникаларды келер жылға дайындау үстінде.

– Биыл тәубе, егіс жаман болған жоқ. Табиғаттың өз кедергілері болды. Егінімізді киік таптады. Кейінгі жауған жаңбыр да егін жинау науқанын тежеді. Дегенмен, жоспарлаған көлемді жинадық. Басқа да астық түрлері де көңілімізді көншітетіндей өнім берді. Енді, егіннің аз-маз бөлігі қалды. Сол орылып жатыр, – дейді Сейілхан Оспанбайұлы.

«Жараспай» ЖШС-де 31 397 гектар жер бар. Оның 17 670 гектары егін. Көктемгі егіс науқаны кезінде 120-130 адам жұмысқа жұмылдырылады. 20 000 тонна өнім сиятын қойма бар. Онымен қоса,

– Мен ертеден егін шаруашылығында еңбек етіп келемін. Өздеріңіз көріп тұрғандай техникамыздың бәрі жаңа. Қолайлылығы жеңіл көліктен кем емес. Қанша мөлшер егін орғанын компьютер көрсетеді. Германияның техникалары өте сапалы, – дейді комбайн жүргізушісі Серік Аханов.

Алқаптан көп ұзай қоймадық, бригада қосынына келдік. Мұнда әлгіндегі заманауи элеватор орталығымен таныстық. Элеватордың өз зертханасы бар. Заманауи үлгіде жабдықталған. Келген астықтың сапасы осында тексеріледі.

Бір бригада құрамында 15-18 жұмысшы бар. Науқан кезінде алқаптан ұзамау үшін жұмыскерлер осындағы жайлы үйде жатып, еңбек етеді. Асханадан түстенеді, кешкі асын ішеді.

– Биыл егіннің жайы біраз алаңдатты. 35 000 гектарға егін салдық. Қазір 85 пайызын жинап үлгердік. Осы уақытта еңсеріп қалуымыз керек еді. Бірақ, кейінгі жауған жауын қолбайлау болды. Одан кейінгі мәселе – киік таптады. Бірақ, тәубе дейміз, бәрі ойдағыдай, – дейді Георгий Прокоп.

Картоп алқабында да қарбалас тірлік. Шаруашылық картопты биыл сегізінші рет өсіріп отыр. Алғашқы жылы 130 гектарға салды. Сөйтіп, жыл санап аумағын арттырды. Бүгінде 500 гектардан өнім жинау үстінде.

Картоп алқабына жеткенімізде бригададағы жұмыскерлер техникаларын қаңтарып қойыпты. Бөлімшеден «Пазикпен» арнайы жеткен кешкі асқа жиылған. Биылғы түсімнің орташа екенін айтады алқап басындағылар.

– Біздегі тұқым – атақты гала картобы. 1 гектардан 40 тоннадан өнім беріп жатыр. Соған қарап, түсімнің орташа екенін айту керек. Жаңбыр жинап алуға кедергі етуде. Күніне 1200-1400 тонна жинаймыз. Техникаларымыз жеткілікті. Сыңғырлап тұр. Жиналған картопты Шахтер ауылындағы үлкен қоймаға тасимыз. 80 гектардан шыққан өнімді тұқым ретінде пайдаланамыз. Осы уақыттан бастап қыс бойы Астанадан әкетеді. Тараз, Шымкенттен де алатындар бар, – дейді шаруашылықтың бас агрономы Дидар Әкішев.

Биыл 500 гектар жерден 18-19 мың тонна картоп алуды жоспарлап отыр шаруашылық.

– Біздің шаруашылықтың дәнді дақылдар бойынша элиталық тұқым шаруашылығы мәртебесі бар. Бұл, әрине, жылдар бойғы тынымсыз еңбектің жемісі. Енді, картоп бойынша элиталық мәртебеге ие болуды көздеп келеміз. Және нақты жоспарымыз да түзелді, – дейді Георгий Георгиевич.

Шаруашылық жыл сайын Еуропадан 60 тонна тұқым сатып алады. Мемлекет тұқымға субсидия береді.

– Жер тозбауы үшін дақылдарды алмастырып отыру қажет. Мәселен, биыл – картоп, келесі жылы – бидай, одан кейін бос жатады. Қайталап отырамыз. Сонда әр өсімдік өзіне қажетті минералдарды алу арқылы жердегі тепе-теңдікті сақтайды, – дейді бас агроном.

Георгий Прокоп даладағы шаруашылықтан соң, «Шахтерға» алып келді. Көшелер асфальтталған, жарықтандырылған, көгалдандырылған. Таза су әр үйге кіріп тұр. Орталық көшеге стелла мен субұрқақ орнатылған. Жастар аллеясы бар. Супермаркет бар. Жақында тойханасы ашылады. Жас мамандар мен мұғалімдерге арналған тұрғын үй салып берген. Мемлекеттік жекеменшік серіктестік аясында спорт кешені салынды. Құрылысқа шаруашылық есебінен 140 миллион теңге қаражат бөлінсе, құны 280 миллион теңге тұратын бассейн шаруашылық қаражатына салынып, пайдалануға берілді. Бүгінде ауыл ғана емес, көршілес елді мекендегі балалар да бассейнге келеді. Қысқасы, алпауыт шаруаның иесі барын елімен бөліседі.

Арқаның алтын қамбасына айналған нұрлы Нұрадағы біз көрген қызу қарбалас бозала таңнан қызыл іңірге дейін толас тапқан жоқ. Жарықтық күздің әр сәті жылға азық қой...

Нұра ауданы

Суреттерді түсірген **Ерлан ОМАРОВ**



Картоп алқабы

● ДЕНСАУЛЫҚ

Жаңа амбулатория бой көтереді

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетуге, денсаулық сақтау саласын дамытуға баса назар аударды. Ұлт саулығы – Жаңа Әділетті Қазақстанды құру жолындағы мемлекеттік саясатымыздың аса маңызды бағыты» деді. Бүгінде облысымызда медициналық нысандар бой көтеруде. Мәселен, Қарқаралы ауданындағы Ақжол ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт салынып жатыр.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақжол ауылындағы амбулаторияның тозығы жеткен. Қабырғасы өткен ғасырда тұрғызылған. Енді жаңасы бой көтерсе, аядай ауылға біршама серпін. Жаңа ғимараттың құрылысын Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов тексерді. Қарқаралы ауданында ол басқа да әлеуметтік нысандардың құрылысын аралап, мердігерлермен кездесті. Жұмыстар кестеге сәйкес жүріп жатыр екен. Бәрі жоспардағыдай.

– Біз өткен ғасырдан қалған ғимаратта отырмыз. Жаңасына көшсек, жұмыс істеу ыңғайлы болатыны сөзсіз. Бізден бұрын тұрғындар қуанады, – деді Ақжол ауылындағы амбулатория дәрігері Айман Мейірманов.

Жалпы, аймақта «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы бойынша 92 медициналық нысан бой көтереді.

Осының жартысына жуығын жыл соңына дейін салып бітіру жоспарланған. Бұдан бөлек, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша да салынатын медициналық нысандар бар. Оның ішінде фельдшерлік-акушерлік пункттер бой көтереді.

Ауданда өзге де ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қарқаралы мәдени-демалыс орталығына күрделі жөндеу жүргізілуде. Сондай-ақ, бөгеттің іргелес аумағын қайта қалпына келтіру және абаттандыру қарастырылуда. Сонымен қатар, ауданда саламатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында стадион салынып жатыр.

Қарқаралы ауданы

● «АУЫЛ БЕРЕКЕ-2023»

Дархан дала дастарқаны

Қарағандылықтардың «құлағына алтын сырға». Биылғы «Ауыл Береке» күзгі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінің бірінші күні 14 қазанда Global City көтерме-тарату логистикалық орталығының аумағында өтеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалың қауым бұл күнді асыға күтеді. Ол жерден қала тұрғындары таза табиғи өнімдерді, яғни, ет пен көкөністерді қолжетімді бағамен сатып ала алады. Қала әкімдігінің хабарлауынша, жәрмеңкеге өңірдің 100-ге жуық фермер мен тауар өндірушілері қатысады. Онда бір жарым мың тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімі жеткізіледі деп күтілуде.

Ресми мәліметке сүйенсек, фермерлер 163 тонна ет, 980 тонна картоп, 250 тонна көкөніс, 48 тонна сүт өнімдерін жеткізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, жарты миллион дана тауық жұмыртқасы саудаланады. Балық және балық өнімдері де сатылымға қойылмақ. Жәрмеңке өнімдерінің бағасы орташа нарықтық бағадан 10-15% төмен.

ҚАРАҒАНДЫ

Азаттық рухының алтын бесігі

25 қазанда еліміздің басты Ұлттық мерекесі – Республика күнін атап өтеміз. Тәуелсіздікке жол салған бұл мерекенің маңыздылығы кешегі батыр бабалардың асқақ арманымен астасып жатыр. XX ғасырдың басында Қазақстан Ресей империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған аграрлық отарлық шет аймағы болды. Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақтарды рухани жағынан да отарлады: тілінен, дінінен, ділінен айыру бағытында қатыгездікпен ойластырылған шаралар жүйесін жүзеге асырды. Бұл жөнінде Міржақып Дулатов 1907 жылы жазылған «Қазағым менің, елім менің» атты мақаласында былай деп ашына жазған еді:

«... Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай правосы жоқтығы кек тудырады. Халықтан жиналған салық қаражатының көп бөлігі халыққа, тіпті, керек емес нәрселерге жұмсалады... Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызға, біздің моллаларға ғана тиісті неке мәселесіне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды».

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ интеллигенттерінің басым көпшілігі тек қана бір кәсіби мамандықтың тізгінін ұстаумен шектелмей, әмбебап мамандар ретінде қызмет етті: олар оқу-ағарту ісімен де, қазақ тілінде басылымдар (кітаптар, газеттер, журнал) шығару қам-қарекетімен де, жанжақты шығармашылық жұмыспен де қатар айналысты. XX ғасыр басында тек ағартушылық іс-әрекетімен шектелмеді, өздерінің дүниетанымының қалыптасуы барысында Ресей империясында болып жатқан ірі қоғамдық саяси оқиғалардың, саяси партиялардың және ұйымдардың пайда болуының куәсі және қатысушылары да болды.

Осылардың барлығына ортақ қасиет, ортақ ерекшелік олардың қазақ қауымының саяси сұраныстарына мүмкіндігінше толық жауап беруге атсалысуы еді.

Қазақстанға саяси-азаттық қозғалыстардың алғашқы ұрығын жер аударылып келген орыс революционерлері – социал-демократтар әкелді. Олар тыйым салынған әдебиеттерді, үкіметке қарсы ұрандар таратып, саяси ұйымдар құрды.

Солардың ішінде Қарқаралыда қоныс тепкен орыс демократтарына келсек, олар жергілікті халық арасында революциялық идеяларды таратты. Негізгі мақсаттарын іріктеп бөліп, қазақ интеллигенциясының сана-сезіміне әсер ете бастады. Мысалы, 1884 жылы Қарқаралыға жер аударылып келген Анна Сабурова, Александр Никвист, Александр Григорьев, 1890-1903 жылдары келген Ермолай Савин, Петр Лимарев, Осип Браун, Иван Гусев, Николай Беляев, т.б, Ресейде және басқа шетелдерде жүріп жатқан тап күресі жайлы жаңалықтарды үнемі ауызекі жеткізіп отырды (Ә.Бақтыбаев, Қарқаралыда солай болған... Қарқаралы журналы. 2004, №2). Толық емес мәліметтерге қарағанда 1868-1910 жылдары Қарқаралыға 120 адам жер аударылып келген (Д.Шаймұқанов, Т.Аршабеков, Қасиетті мекен – Қарқаралы. Қ., 2004. 45-б.). Олар жергілікті интеллигенция өкілдері мен оқушы жастарды, жұмысшыларды саяси үйірмелерге тартып, байланыс жасап тұрды. Үйірме мүшелері Омбыда, Қызылжарда басылып шығатын үнпарақтарды көшіріп, көбейтіп, таратып отырды.

Дала өлкесінде Семей, Өскемен, Павлодар, Ақмола, Қарқаралы, Көкпекті қалалары саяси жер аударылып келгендердің мекеніне айналды.

Халық қозғалысының кең түрде таралуына түрткі болған жағдай 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы еді. Бұл жерде айта кететін бір жай, халықтың шашыранды көтерілістерін қалыптасып келе жатқан ұлттық интеллигенция біріктіруге ұмтылды. Өзінің саны жағынан аздығы мен әртектілігіне қарамастан өлкедегі ұлт-азаттық қозғалысты басқарды.

Семей облысының ұлттық интеллигенциясының идеялық-саяси іс-әрекетінің тоғысқан жері Қарқаралы уезі болды. Дәл осы жерде олардың жаңа тарихи кезеңде қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресінің жетекшілері ретінде қалыптасуы мен бұрынғы көшпенді малшыларға саяси күрестің әліппесін, саяси құқықтары мен еркіндігіне қол жеткізудің түрлері мен тәсілдерін үйретуі өткен еді. Бұған куә Қарқаралыда әрекет еткен Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев, Мұхаммед-Мақсұт Хамидуллин Бекметовтің, т.б. қызметі.

Семей губернаторының Дала генерал-губернаторына жазған хатына XX ғасыр басындағы Қарқаралы жағдайында Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсыновтың қызметі өкіметке қарсы саяси сипатта болды деп жазуы кездейсоқ емес. Ол бұл үшеуін бір топқа біріктіріп, «...айқын залалды мақсат тұтқан, оның негізінде қазақ бұқарасына үкіметке қарсы наразылық сеуіп, әкімшілікке деген дұшпандылыққа бейімдеуге ұмтылған» бірыңғай пікірдегі ұйым деп те көрсетуге тырысты (Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні. А. 2004, 405-б.). Осы жерде билеуші жүйе ұлттық интеллигенцияға қарсы жазалау шаралары арқылы халықтың бас көтеруін болдырғысы келмесе, екінші жағынан, оларды іс жүзінде пәрменді саяси күш деп мойындауға мәжбүр болды.

Ұлттық шеткі аймақ халықтарының күресінің бір түрі петициялық қозғалыс болды, сол арқылы өкіметке экономикалық, саяси, діни сипаттағы талаптар қойылатын. Петициядағы маңызды орын қазақ халқына сайлау құқығын беру туралы мәселелерге беріледі.

«Бүкілелдік наразылықтың қазақ қоғамына бұрын тән емес петиция түрінде көрінуіне түрткі болған тұңғыш россиялық революция болғанда, ал оны жазған азаматтық қозғалыстың басына келген жаңа әлеуметтік күш – ұлт-азаттық интеллигенция өкілдері еді» (М.Қойгелдиев, Оянған сана үні. «Ана тілі». 1990 ж., 12 сәуір).

Ресейде 1905 жылы бірінші орыс революциясы басталып, жұмысшы-шаруалардың бас көтеруі қызып жатқан кездерде қазақ халқы да елдің тұрмыс-тіршілігіне, ауыр жағдайына, жүргізіліп отырған қоныстандыру саясатының озбырлығына, жердің талан-таражға салынып бара жатқандығына ашық наразылықтарын білдіріп, патша өкіметіне бірнеше арызшағым жазған еді. Солардың ішіндегі ең маңыздысы – Семей облысындағы Қарқаралы, Семей, Павлодар уезі қазақтарының Петербургке жіберген петициясы. Шындығында бұл жалғыз ғана петиция емес. Белгілі ғалым З.Тайшыбайдың анықтауы бойынша өзінше бөлек, дербес мазмұндағы бірнеше құжат. Олар жеке-жеке: Ресей Императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министріне жолданған. Петицияны дайындап, халық өкілдеріне қол қойғызғандарының ішінде Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Тоғысов, А.Аяғанов болған (З.Тайшыбай, «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат. Ақиқат журналы. 2003. №7). Құжаттар 25-26 маусым күндері жасалған.

Қарқаралы уезінен сайланған 42 өкіл қол қойды. Бұл петиция өкімет орындарын ерекше абыржытып, әуре-сарсаңға салған. Өйткені, оған қол қойғандар түгелге жуық ел билеуші қазақтар еді.

Осы құжаттың жасалуы туралы мәлімет жетісімен Омбыдан Қарқаралыдағы уезд басшысына петицияны ұйымдастырушыларды анықтап, іс қозғау жөнінде Дала генерал-губернаторының канцелярия бастығы Лосевскийден шұғыл түрде құпия жеделхат жіберілді. Сондай-ақ, 8 қазанда Омбыдағы сот палатасының аға басқарушысы А.Кобылинге Дала генерал-губернаторы Н.Сухотиннен петицияны ұйымдастырушыларға тез арада Омбы сот палатасының іс қозғауы қажет деген жеделхат салынды. Петицияға қол қойған 42 адамның аты-жөнін анықтап, бақылауға алу туралы бұйрық беріледі. Құпия түрде жүргізілген тексеру бойынша петицияны ұйымдастырушы Ә.Бөкейханов екені анықталды. Бұл туралы «...петицияны Омбыдан Петербургке осы жылдың 28 шілдесінде Ә.Бөкейханов жіберген, ол осы уездің қырғыздарымен тығыз байланыста, қырғыздардың арасында оның беделі жоғары», – деп жазады штаб-ротмистр Оссовский өзінің Дала генерал-губернаторына жіберген ақпаратында (С.Смағұлова, Қарқаралы петициясы. Қазақ тарихы журналы. 1996. №1).

Осы ақпаратта жеделхаттың түпнұсқасын жасаушы және оны Омбыдан Қарқаралыға құпия түрде жеткізуші Омбы сот палатасының сот ісінің кандидаты Ж.Ақбаев екендігі де айтылды. Өз ісінің білгір маманы, заңгер, қазақ бұқарасының арасында зор беделге ие заң магистрі Ж.Ақбаев пен Ә.Бөкейхановтың бұл іске араласуы Ресей әкімшілік орындарында үлкен мазасыздық, үрей туғызады. Ел ішінде көтеріліс ұйымдастыруы мүмкін-ау деген желеумен генерал-губернаторлар екеуіне де қатаң бақылау қояды.

Императордың атына жіберілген петицияға 42 адам қол қойғанын тыңшылар анықтаған және олардың тізімі губернаторға жолданған ақпаратқа тіркелген. Онда Қарқаралы уезіне қарайтын 21 болыстың әрқайсысынан 1-3-тен адам аттары көрсетілген. Олардың ішінде: Қу болысынан – Мұсатай Тәттімбетов және Мақат Ақаев (Мұсатай – атақты күйші Тәттімбеттің баласы, ал Мақат – атақты Хасен Ақаевтың ағасы, А.Байтұрсыновпен бастас болған қайраткер). Берікқара болысынан – Ақбай Жандеркин (заңгер, Ж.Ақбаевтың әкесі). Балқаш болысынан – Нарманбет Орманбетов (атақты Нарманбет ақын), т.б. қол қойды деп жазылған (Қазақтар. Көпшілікке арналған 9 томдық анықтамалық. А. 1-т. 1998. 115-б.)

Ал, Ресей Министрлер кеңесіне, атқарушы билік төрағасына қойылған талаптар кеңірек әрі мейлінше нақты. Патшаның атына жазылған тілекарызда жалпы саяси тұрғыда, жоғары билік құрамына, қазақтарды қатыстыру сияқты заңдық мәні бар мәселелердің болғанын көрдік.

Патша атына және Ресей Министрлер Кеңесіне жолданған петициялармен бірге Ішкі істер министрлігіне жолдама хат жіберілген. Оған уездердің атынан болыстардың өкілдері қол қойған. «Қарқаралы, Семей, Павлодар уездерінің қазақтарынан Патша ағзамның атына жіберілген тілекке қоса, Сіздің қарап шешуіңізге мынандай нақты мәселелер қоямыз» деп басталатын құжатты Ішкі істер министрлігінің құзырындағы, мысалы, мешіт және оның жанынан медресе ашуға рұқсат беру, баспа ісімен әркімнің айналысуы құқығын қамтамасыз ету, іс қағаздарын қазақша жүргізу, салықтар ерікті түрде төленетін болсын, қазба байлықтар, ашылған кен орындарды, зауыттар мен кеніштер – қазақтардың ұлттық байлығы болып саналсын, ормандар, өзендер мен көлдер, олардың байлығы да қазақтың ұлттық байлығы болып бекітілсін, соңғы 20 жылда қазақтардан тартып алынған жерлер өздеріне қайтарылсын, көшпелі қазақтар мен орыс шаруаларының, қазақ-орыстардың құқығын теңгеру сияқты мәселелер көрсетілген.

Белгілі саяси қайраткерлер Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсыновтардың бірлесе отырып жасаған петициялары саяси партияның қайнар көзі деп алуға болады. Кейін талап-арыздарда жазылғандардың бәрі Алаш партиясы күресінің негізгі арнасы, Алашорда үкіметі іс қағаздарының нақты бағдары ретінде көптеген құжаттарға арқау болды.

1905 жылы қазан айының соңында Ә.Бөкейхановтың бастамасы бойынша Омбыда 17 қазан Манифесі қазақ тіліне аударылды және вице-губернатордың рұқсатымен облыстық баспаханада басылып, 10 мың данасы қазақ ауылдарына таратылды. Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «Қазақтардың жүріп-тұруының арқасында манифест қысқа уақытта бүкіл даланың қолына тиді. Жер-жерде қазақтар үлкенді-кішілі съездерге жиналды. Манифесті оқыды, оны түсіндірді, болашақтағы мемлекеттік Дума сайлауы туралы мәселелерді талқылады» (Букейханов А. Выборы в Степном крае. 44-б.)

Қазақстанның барлық қалаларында 17 қазандағы Манифеске арналған саяси шерулер, митингілер мен жиналыстар толқыны жайылды. Перовскідегі, Оралдағы, Қарқаралыдағы, Павлодардағы, т.б. манифестациялар неғұрлым ірі болды. Оларды орыстар арасынан да, қазақтардан да шыққан жергілікті зиялылар ұйымдастырды. Бұл күндерде Оралда Б.Қаратаев пен Ж.Сейдалин, Қарқаралыда А.Байтұрсынов, Бекметов пен Ж.Ақбаев және т.б. ерекше белсенділік көрсетті. 1905 жылдың күзінде Ж.Ақбаев Павлодар-Қарқаралы бағыты бойынша үгіт жүргізу сапарына шықты. Осы сапар барысында ол қарашаның жетісінде Павлодарда болған митингіде бостандық идеясын уағыздаған және жергілікті әкімшілікті қайта сайлауды талап етіп сөз сөйледі, ол осы мазмұнды сөздерді 11 қарашада Баянауылда көп адам қатысқан жиналыста да айтты. Ә.Бөкейханов былай деп жазды:

«...Ол туған қаласы Қарқаралыға қарашаның ортасында жетті. Полиция басқармасының қарсы алдындағы бірден-бір алаңда дереу митингі ұйымдастырылды» (Рабочее и аграрное движение в Казахстане. 1907-1914 жж. А. 1957, 137-б.). Сөйтіп, 1905 жылғы 15 қарашада әйгілі Қарқаралы оқиғалары басталды, ол мұсылмандардың Құрбан айт мейрамына тұстас келді. Оған жұмысшылармен, қоныс аударған шаруалармен және солдаттармен бірге осы уездің ауылдары мен болыстарынан келген салт атты қазақ жігіттерінің үлкен тобы қатысып (Қазақстан тарихы. 3-т. А. 2002. 610-б.), митингіде Ж.Ақбаевтан басқа жергілікті ауыл шаруашылығы мектебінің басқарушысы Павел Бельдицкий, штабс-капитан М.Бекметов, жергілікті команданың бастығы Гомбинский, полиция бақылауындағы В.Соколов, орманшы Астрейн, оның көмекшісі Глебов, мектеп мұғалімдері – Чемодонов, Митьяшин, бітістіруші судья Вайсерт, бітістіруші судьяның хат жүргізушісі Төлеңгітов және басқалары сөз сөйледі.

Халықтың жаппай ереуілінен қорыққан жергілікті үкімет өкілдері демонстрацияға қатысушыларды қуып, тарату үшін қазақтар жүздігін шақырды. Бірақ, әскери команда бастығы офицер Гомбинский жиынды қарумен тарату жөніндегі бұйрықты орындаудан бас тартты. Солдаттар қызыл жалау көтеріп, өздері демонстрацияға қатысушыларға қосылды. Бұл жөнінде уезд бастығы Оссовский Семей губернаторына былай деп телеграмма жолдаған: «Айдалып келгендердің ықпалымен жергілікті команданың рухы түсті. Команда демонстрацияға қатысты. Бастығы революционерлерге жатады» (Ә.Бақтыбаев, Қарқаралыда солай болған... 44-б.) Митингіден кейін, Петербургте 1905 жылы 9 қаңтарда бостандық үшін қаза тапқандарға арнайы дұға оқылды.

Демонстрацияға қатысушылар «Самодержавие жойылсын!», «Полиция жойылсын!» деп ұрандатып, Дала генерал-губернаторының атына болыстардың мекемелерінде іс қағазы қазақ тілінде жүргізілсін деп жарнама хат жолдады.

Кейіннен Қарқаралы оқиғаларының басшылары қуғынға ұшырады, кейбір шенеуніктер жұмыстан босатылды немесе басқа жерлерге ауыстырылды, қалғандары қашып кетті, ал Ж.Ақбаев Якутияға жер аударылды.

Сонымен, 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезіндегі Қазақстандағы саяси оқиғалар, әсіресе, жұмысшылардың, шаруалардың және зиялылардың бой көрсетулері, ұлт-азаттық қозғалыс және т.б. олардың әлсіздігіне және бытыраңқылығына қарамастан жергілікті еңбекшілер үшін үлкен саяси мектеп болды, бұл тәжірибені олар ұлттық және әлеуметтік азаттық жолындағы бұдан кейінгі күресінде пайдаланады.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы-журналист

Республика күні 25 қазан

● ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

«Арманға қол создырған асыл өлкем»

Камнұр Тәлімұлы – 1960 жылы 15 тамызда ҚХР Текес ауданы, Шолақтерек ауылында дүниеге келген. 1962 жылы тарихи Отаны Қазақстанға қоныс аударып, Ақтоғай ауданы Әлихан Бөкейхан атындағы орта мектепті аяқтаған. «Көңіл көзі», «Мінәжат» жыр жинақтарының авторы. Талғар ауданының Құрметті азаматы. Бүгінгі таңда Алматы облысы, Талғар аудандық мемлекеттік тілді оқыту орталығының директоры қызметінде.

Ақтоғай – алтын ұя, тал бесігім

Ақтоғай – алтын ұя, тал бесігім,
Тербеген мені жастай ән бесігің.
Арманға қол создырған асыл
өлкем,
Жазулы жүрегімде мәңгі есімің.

Ойлаған ерте бастан ұлттың
қамын,
Өзіңнен талай дара шықты
дарын.
Әлихан, Әсет, Күләш,
Манарбектей,
Жұрт бүгін мақтан тұтар
мықтыларын.

Сеңкібай, Қараменде,
Жидебайлар,
Тобықтай тоқсан сөзден түйген
ой бар.
Шабанбай Жанқұттыға бата
беріп,
Ақжолтай ел қорғаған
Ағыбайлар.

Әр тасың, ән салғызып,
топырағың,
Тербетіп жүректерді жатыр
әнің.
Кеудені нұрға бөлеп, жырға
бөлер,
Өзенің толқып аққан
Тоқырауын.

Шыңына шағылысып
Шатыршаның,
Күн шықса шабыттанбас
ақынша кім?!
Құшағын анамыздай айқара
ашып,
Біздерге қолын бұлғап жатыр
сағым.

Сол сағым сыйлағандай дала
гүлін,
Қондырған көкейіме
даналығын.
Ақтоғай – алтын ұя, бесігімсің,
Өзінде қалып кеткен
балалығым.

Қызыларай хикметі (Әнші Рымкеш Жұмаділоваға)

Сағымды Сарыарқаның
өлкесінен,
Киелі Қызыларай кең төсінен.
Әсерлі әсем әнді қалықтатып,
Өнеріңмен есейіп ерте өсіп ең.

Аян боп бастан алда кешер
бағың.
Жүрекке құйылып бір нөсерлі
ағын.
Аққуға аспандағы үнін қосқан,
Әсеттің сүйіп өстің әсерлі үнін.

Қызыларай жерінен ән
ұшқанда,
Өрелі өнерімен жарысқанда.
Келесің жүлде бермес
жүйріктердей.
Тулатып ойнаған соң намыс
қанда.

Ән дарыған Ақтоғай өңірінен,
Дарынсың жұрт көзіне көп
ілінген.
Күләш пен Манарбектің ізін
жалғап,
Тасыған теңіздей боп төгіліп ең.

Жұртың сүйіп тыңдаған
әуеніңде,
Ерекше мақамың бар
мәнеріңде,
Сенің де алтын әріппен атың
қалар,
Қазақтың ән өнері әлемінде.

Өмір – кітап...

Түлетіп таудың өркешін,
Жібітіп, жылытып жер төсін.
Оятты бүкіл аймақты,
Сыпырып қарлы көрпесін.

Бау-бақша гүлге оранған,
Аққайың сұлу таранған.
Иісі жұпар аңқиды,
Гүлденген байтақ даламнан.

Түсіне еніп қара орман,
Жапырақ шәлі оранған.
Төрт түлік төлі ойнақ сап,
Барады өріп қорамнан.

Құлпыртып таудың бөктерін,
Қалаймын зерді төккенін.
Әр көктем өмір-кітаптың,
Жазады жаңа беттерін.

Әнші дала

Бойына қуат алып боз даладан,
Бойкүйез бой түзеп тұр боз
қараған.
Ой кеткен әлдекімге көңілі
ғашық,
Қарайды көзін алмай
бозбаладан.

Бозамық кеш, бозарып күн
батқандай,
Әуені боз даламның қымбат
қандай?!
Үніне құлақ түрсең боз інгенге,
Боздауын ботасының
тыңдатқандай.

Үйренген бозторғайдан әннің
басын,
Әніме жаңғырар тау мен тасым.
Сиқырлы сыр ұқтырған сол
даламның,
Әншіден кем көрмеймін әр
бұтасын.

Асау ой...

Жан емес ем мен өмірден
түңілген,
Қиындыққа бел майысып
бүгілген.
Кей білместің қылығынан
келеңсіз,
Жаным жүдеп, жігер құм боп
үгілген.

Болмаған соң хабары көп
ілімнен,
Дейді олар, не пайда бар
білімнен?
Кей кердеңнің көкірегін ашам
деп,
Басқа бәле тауып жүрмін
тілімнен.

Сырлас болып талай жайсаң
ірімен,
Өшпейтіндей өнеге алдым
бірінен.
Асау оймен арпалысып өмірім,
Азаппенен өтіп жатыр
шынымен.

Ойым оңға бөлінген соң
күнімен,
Ой-қиялдың тереңіне үңілем.
Тіпті кейде, көз ілмей таң
атқанша,
Төсегімде дөңбекшимін
түнімен.

Әуенім

Сарқылардай бір демде күштің
бәрі,
Ысиды у ішкендей іштің нәрі.
Жанымды жай таптырмай
мазалайды,
Мидағы мың сан ойдың
ұшқындары.

Ойымды алаңдатып ертеңі
елдің.
Мен де өз әуенімді шерте
келдім.
Жүректі шымырлатқан
домбырамның,
Келеді шертпе күйін шерте
бергім.

Таңдағы бозторғайдай
шырылдаған,
Жүрегім сол күйді естіп
шымырлаған.
Құдай-ау, құдіретін бүгінгідей,
Сездірмей қалай келдің бұрын
маған?!

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ

● САБАҚТАСТЫҚ

Белсенділік жас талғамайды

Елімізде қарттардың сапалы өмір сүруіне көңіл бөлініп, биыл «Халықаралық қарттар күні» айшықты аталып өтті. Осы мереке қарсаңында Қарағанды қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» арнаулы әлеуметтік қызметтер орталығы жанындағы музыка маманы Сәуле Хажай ұстаздың жетекшілік ететін «Сәулем-ай» ансамблі мереке күндері Ерден Халилин басқарып отырған Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжіне «Ұрпақтар сабақтастығы» аясында оқушылармен кездесу кешіне барып, зор құрметке бөленді.

«Ғылыми тұрғыдан алғанда, ұзақ жасау және кәрілік кезеңдері тек адамның жасымен өлшенбейді. Ұзақ жасау – көп жыл өмір сүру ғана емес, ол – ауруға берілмеген, ақыл-ой дүниесі кең, түсінігі терең қалыпта өтетін өмір жылдары. Бұрындары адам өмірінің орташа ұзақтығы 30 жастан аспаған, тек АҚШ-та 49 жас болған. Қазақстанда 1897 жылы бұл көрсеткіш 32 жылға теңелген. Бұрын елуден асқан адам қартқа санала беретін. Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңін жазғанда небәрі 41 жаста болған.

Ал, қазіргі әлеуметтік-экономикалық және медицина ғылымының дамуына байланысты дамыған елдерде адам өмірінің орташа ұзақтығы ерлерде – 80, әйелдерде 85 жасқа жетті.

Американдықтардың ортасында бүгінде: «Жүз жасап, жас күйімде көз жұмғым келеді» деген қоғамдық қозғалыс бар. Ұзақ ғұмыр – теңдессіз құнды ресурс және адамның егде жасында өзін қалай көрсете алуымен сипатталады. Сапалы ұзақ ғұмыр еліміздің дамуы үшін де өзекті басымдылық қатарында». (Егемен Қазақстан, 10.11.2016 ж., Төрегелді Шармановтың сұхбатынан).

Бұл орталыққа таяуда ғана директор болып тағайындалған Саян Жарылғапов жас маман болса да, өзінің ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп үлгерді. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы түрлі білікті мамандарды тартып, зейнеткерлерге отызға жуық қызмет түрлерін ұсынып, салауатты өмір сыйлауда. Таяуда жинақталған кітап қорынан тұратын кітап бұрышы мен тоғызқұмалақ келушілердің қызығушылығын арттырды. Бұл орталықтың Қарағанды қаласында тағы төрт филиалы бар. Сол филиалдардың да жұмысы жақсы жолға қойылды.

Колледж директорының орынбасары Алдаберген Төлеуов бастап, «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты кешін ұйымдастыруға еңбек еткен Кенже Таңатқызы, Динара Қайратқызы, Гүлмира Балкенқызы, Елена Вячеславовна сынды тәрбиешілер ансамбль мүшелерін сән-салтанатымен қарсы алды.

Кеш шымылдығын 8 «ә» сынып оқушысы Арыс Әкежан ашып, жүргізіп отырды. Оқушылардың әрқашан қарияларды сыйлап, өнеге тұтып жүретіні туралы айтып өтті. Арыс спортқа бейімділігімен қоса, өлең жазады екен. Абай күндері атап өтілген байқауда өзі шығарып, II жүлделі орынды иеленген өлеңін оқып берді.

Сәуле Хажай өзі бастап әкелген ансамбль құрамындағы ұстаздар, медицина саласының қызметкері, мемлекеттік қызмет саласында және басқа да мамандық иелері болған ата-әжелермен оқушыларды таныстырды. Ансамбль мүшесі Амантай Оспанов батасын берді. Ансамбль «Туған жер», Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен попурри орындады. Өз кезегінде оқушылар да өз өнерлерін ортаға салды. Спорттың дзюдо түрімен айналысып, биікті бағындырмақшы жеткіншек Хамза Нұрлыбек «Ана» өлеңін оқыды. Кеш түйінін бүлдіршін өнерпаз Айсу Мүслимова халық әні «Бипылдымен» қойды.

Ақ дастарқан басында «Сәулем-ай» ансамблі «Құстар қайтып барады», «Дедім-ай-ау» әндерін шырқады. Әжелер ақ тілегін жаудырып, Амантай Оспанов ақ батамен түйіндеді.

Кешті толық бейнежазбаға, суретке түсіріп бәйек боп жүрген, осы колледжде 40 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан ардагер ұстаз Сағынтай Аққожинге де ел алғыс айтты.

Осылайша, өнерлі ата-әжелер барша тәрбиеші, ұстаз, жаттықтырушы, оқытушы, оқушы қауымның бір күнін көркейтіп, салауатты өмір салтының арқасында белсенді ұзақ өмір сүруге болатынын паш етіп қайтты.

Рымбала СМАИЛОВА,
аудармашы, еңбек ардагері

● ТУРНИР

Балуандар додасы басталды

Қарағандыда балуандардың додасы басталды. «Жастар» спорт кешенінде қазақ күресінен спорт ардагері Серік Мамашевті еске алуға арналған 2006-2007 жылдарда туған жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир өз жалауын көтерді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жарысқа Астана, Алматы қалаларынан, Ақмола, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Ұлытау облыстарынан спортшылар қатысып жатыр. Теміртау, Балқаш, Шахтинск Қарағанды қалалары мен Ақтоғай, Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Шет аудандарының балуандары да осында. Турнирге бас-аяғы 200-ге жуық спортшы тіркелген.

Ашылу салтанатына қазақ күресінің даңқты саңлақтары мен дамуына үлес қосып жүрген қайраткерлер қатысты. Серік Мамашевтің жұбайы да құрметті қонақтардың қатарында. Әлия Молдағұлова атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Ерден Балтабайұлы сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Осында келген балуандардың барлығы – қазақ спортының ертеңі. Осыларға үміт артамыз. Келешекте ел байрағын әлем төрінде желбіретететіндеріне сенім зор. Қазақ күресі қазақпен бірге жасап келе жатыр. Жаһанға даңқы жеткен Қажымұқан, Балуан Шолақтар, кейінгідегі Жақсылық Үшкемпіров секілді саңлақтардың барлығы осы қазақ күресінен бастаған. Бұл спорт – ұлттық жекпе-жек өнерінің түбірі. Сол себепті де, қазақ күресін дамытуға бір адамдай атсалысуымыз қажет, – деді Ерден мырза.

«Қазақстан барысы» Ержан Шынкеевтің пікірінше, қазақ күресі өз биігіне жыл өткен сайын көтеріліп келеді. Дарынды спортшылардың шоғыры қалыптасты.

– Осындай турнирлердің арқасында спортшылардың деңгейі өседі. «Қазақстан барысы» жобасының өзі әжептәуір ілгерілетті. Қарағандының спортшылары бүгінде сәтті өнер көрсетіп жүр. Мықтылары баршылық. Әсіресе, 12, 15 жастағы балуандар жарқырап келеді. Арқадағы күрес мектебін бәрі мойындайды. Арқа өңірінде білікті жаттықтырушылар да көп. Меніңше, бұл турнир тартысты болады. Жүректі, білекті балуандар осында. Кейбірі ел аумағына танылып та үлгерген. Фавориттер де тізімде, – деді Ержан Шынкеев.

Турнир екі күнге созылады. Жоғары дәрежедегі он төреші төрелік етеді.

● ҚЫЛМЫС

Жасөспірім жеті жылға сотталды

Теміртаулық жасөспірім «Синтетика» жасырғаны үшін жеті жылға бас бостандығынан айырылды. Оңай олжаға кенелемін деген колледж студенті керісінше, жастық шағын қамауда өткізетін болды.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол Теміртау қаласында түрлі орындарға синтетикалық есірткі заттарын жасырып, соларды өткізумен айналысқан. Теміртау қаласының полиция басқармасы есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің қызметкерлері оны «синтетиканы» өткізу барысында ұсталды.

Қыздың өзімен бірге есірткі заттары, сондай-ақ, ұялы телефонында есірткі жасырған жерлерінің суреттері, сатып алушылармен жазысқан жазбалары анықталды. Айтуынша, ол көп ақша табуды көздеген. Бірақ, қазір бұл ісіне өкінетінін айтты.

Сот үкімімен ол Қылмыстық кодекстің 297-бабы, 3-тармағы бойынша орташа қауіпсіздіктегі қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтейді.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Алмас қылыш қын түбінде жатпайды

Аядай ғана ауылдан шығып, жаһанды мойындатты. Қарқаралы ауданындағы Аппаз ауылында театр үйірмесі бар. Міне, сол балалардан құралған ұжым халықаралық «ALASH STAR» байқауына қатысып, бас жүлде мен бірінші орынды иеленді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас актерлер халықаралық байқауда екі спектакльмен бақ сынады. Біріншісі – Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі», екіншісі – «Арман әлемі» деп аталған бұрынғы сіз бен біз білетін бауырсақ туралы ертегінің жаңаша үлгісі. Өрендеріміз спектакльдерді өз биігінде сахналап, қазылар алқасын тәнті етті. Сыншылар қауымы бас жүлде мен бірінші орынды қанжығамызға байлады. Енді дарын иелері Түркиядағы фестивальге барады.

«Жусан иісінде» басты рөлді 11 жасар Бекарыс Қапыш сомдады. Театр үйірмесіне үш жыл бұрын келіпті. Жас актер бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ деп отыр. Мектеп қабырғасында жүріп Алдиярхан Кәрім есімді ұстаздың жетекшілігімен бір жыл бойы дайындалған. Алдиярхан Кәрім де – колледжді тәмамдап келген жас дарын. Еңбек өтілі 5 жылдан да аспаған.

– Біздің үйірме – Қарқаралыдағы өнер мектебінің филиалы. Аппаз ауылының тумасымын. Тәттімбет атындағы өнер колледжінің түлегімін. Диплом алған соң туған ауылыма қайтып келіп, еңбек жолымды бастап кеттім. Содан бері балаларды өнерге баулып жүрмін. Алдымызда әлі талай белес бар. Бұл жеңісіміз мені және шәкірттерімді қанаттандырды. Өзімізге деген сенімділік арта түсті, – деді театр үйірмесінің жетекшісі Алдиярхан Кәрім.

Енді жерлестеріміз 2024 жылы Түркияда өтетін фестивальге дайындықты бастайды. Әуелі жүлде алған спектакльдерін Аппаздың жұртына сахналамақ. Сонымен қатар, репертуарларын Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты шығармасымен толықтырады.

Қарағанды қаласының Қазыбек би аудандық №2 аудандық соты, Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі, 56/3 үй, №5 пәтер мекенжайында тұратын Екатерина Александровна Афанасьеваның өтініші бойынша, Ресей Федерациясы, Камчатка облысы, Камчатка ауданы, Быстрая ауылында 27.10.1956 жылы туған Александр Нафанаилович Афанасьевті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Александр Нафанаилович Афанасьев туралы мәліметтерден хабары бар адамдардан бұл туралы осы жарияланым шыққан күннен бастап, үш ай мерзімі аралығында сотқа хабарлауын сұраймыз.

Районным судом №2 Казыбекбийского района города Караганды возбуждено гражданское дело по заявлению Афанасьевой Екатерины Александровны, проживающей по адресу: город Караганда, улица Гоголя, дом 56/3, квартира №5 о признании умершим гражданина Афанасьева Александра Нафанаиловича, 27.10.1956 года рождения, уроженца Российской Федерации, Камчатской области, Камчатского района, с.Быстрая. Лицам, имеющих сведения о месте пребывания гражданина Афанасьева Александра Нафанаиловича просим сообщить об этом суду в трехмесячный срок со дня публикации.

№562

Құрметті Қарағанды қаласының тұрғындары мен қонақтары!!!

Сіздерді 2023 жылғы 14 қазанда сағат 9:00-де өтетін ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕГЕ шақырамыз.

Жәрмеңке өтетін орыны:
«Global City» СОО
(134-ші есептік тоқсан, 921-бап)

Жәрмеңкеде сатылатын өнімдер (ауылшаруашылық өнімдері, етсүт және жергілікті тауар және облыстың тауар өндірушілерінің өнімдері) орташа нарықтық бағадан төмен бағамен сатылатын болады.

Жүретін қоғамдық көліктер: 5, 31, 40, 56, 146, 02, 29.

Құрметпен, **Қарағанды қаласы әкімінің аппараты**.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Д

Қарқаралы ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат және ардагерлер кеңесі Қарқаралы ауданы мәслихатының төрағасы Саят Қайратұлы Оспановқа аяулы анасы, еңбек ардагері
Зағиша Рамазанқызы БЕЛАСАРОВАНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№561

ХАБАРЛАНДЫРУ
(қоғамдық тыңдаулар)

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2023 жылғы 16 қарашада сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара ауылының мәдениет үйі, Пискунов көш., 46а мекенжайында «Қажықонған» кен орнының жерүсті объектілерін салу» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы мен қоғамдық тыңдаулар өтетін аумақ: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара а.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты. БИН 060641009902. Өкілі: А.Б. Сулейменова, байланыстар: тел. 8 (777) 672 32 36. эл. мекенжайы Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоспарланған қызмет бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС. БИН 050140000656. Өкілі: А.А. Усманова, тел. 8(7212) 95-71-35. эл. мекенжайы Aida.Usmanova@kazakhmys.kz

Жоба материалдары келесі сайтта орналастырылды: ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сілтемесі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты, сонымен қатар жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл. мекенжайы және тел. 8 (777) 672 32 36 нөмірі бойынша сұратуға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлікті ұсынумен жүргізіледі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Онлайн қосылуға сілтеме:

https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-en/j.php?MTID=md8c46a6c3a8d91675d1010a26cfea127

Конференция сәйкестендіргіші: 2514 429 0448.

Қолжеткізу коды: 123456wW.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
(общественные слушания)

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что 16 ноября 2023 года в 15:00 часов по адресу Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, дом культуры с. Шешенкара, ул. Пискунова, 46а состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Строительство поверхностных объектов месторождения Хаджиконган».

Территория воздействия и территория на которых будут проведены общественные слушания: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с. Шешенкара.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сулейменова А.Б., тел. 8 (777) 672 32 36. Эл. адрес Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс». БИН 050140000656. Представитель: Усманова А.А., тел.8(7212) 95-71-35. Эл. адрес Aida.Usmanova@kazakhmys.kz

Материалы проекта размещены на сайте: ecoportal.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке ecoportal.kz в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру тел. 8(777) 672 32 36.

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение:

https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-en/j.php?MTID=md8c46a6c3a8d91675d1010a26cfea127

Идентификатор конференции: 2514 429 0448

Код доступа: 123456wW.

Д

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

● КЕЗДЕСУ

Өткенін іздеп келді

Қарағандыда «Алтын Ғасыр» галереясы аясында канадалық суретші Кэндис Фризенмен кездесу өтті. Шетелдік қонақ кеншілер аймағына бейнелеу өнері саласындағы мұраны, қуғын-сүргінге ұшыраған суретшілердің шығармашылығын зерттеу үшін келген. Ол дәріс өткізіп, қонақтарымен еркін әңгімелесті. Сапардың тағы бір себебі, оның Қарағандыда тұратын туыстары арасында қуғын-сүргінге ұшыраған қылқалам шеберлері бар.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кэндис Фризенмен кездесу қарағандылық заманауи өнер кураторы Лариса Карчевскаяның «Қазіргі заманғы өнер мұражайы» жобасы аясында өтті. Жоба қалада заманауи өнер мұражайының жоқтығынан пайда болды. Кэндиспен кездесу – жоба міндеттерінің бір бөлігі .

Кэндис Фризен – есте сақтау қабілеті ерекше жан. Өзін дамыта отырып, әртүрлі этникалық және әлеуметтік топтардың мәдени мұрасын сақтау жолдарын зерттейді. Бұл пәнаралық тәсіл оған тақырыптарды бейне, мүсін, жазу және дыбыс сияқты бірнеше көркемдік құралдармен зерттеуге мүмкіндік береді. Оның жұмысы көптеген өнер институттарында ұсынылған. Соңғы жобалардың ішінде Берлиндегі im Turm галереясы, Калифорниядағы CAFKA қоғамдық кеңістігіндегі заманауи өнер биенналесі және Чикагодағы сәулет биенналесі бар. Сонымен қатар, ол АҚШ-тың Солтүстік-Батыс университетінде өнер теориясы мен практикасы бойынша магистр дәрежесіне ие.

Қарлаг туралы естеліктер Кэндис Фризенді ерекше қызықтырады. Өйткені, ол өзінің жеке тарихымен байланысты. Түбі Украинада болса да, ол өзі Канадада дүниеге келген. Туыстарының бір бөлігі Қарағандыға жер аударылады. Яғни, ол мұнда өткенін іздеп келді...

Суретшінің Қазақстанға алғашқы келуі және ол Арқа күзінің Канададағы күзге ұқсайтынын айтады. Галереядағы кездесуге дейін ол облыстық бейнелеу өнері мұражайындағы мұраны зерттеп үлгерген. Кейін Долинкадағы Қарлаг мұражайына барды. Әрине, ол өзінің немере ағалары жайлы деректі табуға үмітті.

– Менің көптеген туыстарым Батыс Германияда тұрады. Олар 1990 жылдары көшті. Менің Қарағандыға сапарым туралы біліп, олар қуанып жатыр. Қарағандыда мен Дана Сафарованың және бейнелеу өнері мұражайының қызметкерлерінің қуғын-сүргінге ұшыраған суретшілер туралы материалдарымен таныстым. 1930 жылдары қиын кезде осындай мұра қалдырған шеберлердің рухының күшіне таңғалдым. Қанмен сурет салғандар да болған екен. Мені Қарағандыға өз әулетімнің өткен тарихы жетелеп алып келді, – деді Кэндис Фризен.

Ол қаланың сәулетін ерекше атап өтті. Бірнеше қарама-қарсы стильдер араласып, тарихын бейнелейтінін айтты.

– Галереядағы кездесуде ең алдымен, Қарағанды суретшілерімен тәжірибе және пікір алмасқым келді. Мен үшін бұл сапар жаңа әлемді ашқандай болды. Қарағандыдан кейін зерттеуді жалғастыру үшін Берлинге ораламын. Қазір ғылыми мақала жазбаймын, бірақ бұл сапарым көлемді жолжазбаға айналуы мүмкін. Сонымен қатар, 2025 жылы жеке көрмемді ұсынғым келеді. Айтпақшы, оны Қарағандыда да таныстырамын деп үміттенемін, – деп алдағы жоспарларымен бөлісті суретші.

Галереяға көптеген қарағандылық суретші жиналды. Атап айтсақ, Владимир Проценко, Любовь Гуменюк, Евгения Казакова, өнертанушы Лариса Золотарева және басқалары болды.

Жас қонақтар да бұл маңызды тақырыпқа қызығушылық танытты. Кэндистің сөзінен кейін кездесуге қатысушылар осындай жиынның маңыздылығын талқылады. Лариса Карчевскаяның өзі кездесуді тарихи оқиғаға теңеді.

● ПРЕМЬЕРА

Ертегі жаңаша жаңғырды

Сәкен театрының қуыршақ труппасы «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін сахналады. Режиссері – Айдын Салбан. Желісі қазақ мультипликация өнерінің негізін қалаушы Әмен Қайдаровтың халық ертегісі негізінде түсірген тұңғыш қазақ мультфильмінен алынған.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ертегі балаларға құстардың адамның досы екендігін ұғындырып, жақсылық пен жамандықты ажыратуға, мейірімділік пен жанашырлық, қайсарлық пен батырлық қасиеттерін дәріптейді. Туынды домбырамен сүйемелденді.

Бұл ертегіні сахнаға шығару үшін театр ұжымы 4 айға жуық уақыт дайындалған. Уақыттың басым бөлігі қуыршақ жасауға кетіпті.

– Қуыршақтарды жасауға ұзақ уақыт жұмсалды. Оларды театр ұжымы жұдырықтай жұмылып әзірледік. Бұл спектакльде 6 актер қуыршақтарға жан бітірді.

Олардың дауысына баса мән берілді. Бұған да ұзақ дайындалдық. Бұл ертегі халық арасына мультфильм болып таралды. Сол себепті де, бұны сахнаға шығарудың өзі эксперимент деп ойлаймын. Біздің ертегіміз музыкалық, әуезді домбыра дыбыстарымен көрерменге көңіл күй сыйлайды, – деді режиссер Айдын Салбан.

Бұл ертегіде кішкентай батыл қарлығаш зұлымдықтың символы айдаһарға қарсы тұрады. Осы ертегінің желісімен түсірілген Әмен Қайдаровтың мультфильмі 1966 жылы жарыққа шыққан. Анимация түрлі кинофестивальдердің марапаттарын жеңіп алып, халықаралық деңгейде танылды.

Премьерадан кейін театр бұл ертегіні Алматыда қазан айының соңында өтетін Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінде ұсынбақ. Сонымен қатар, Оманда өтетін фестивальде көрсетіледі деп күтілуде.

Сәкен театрында балаларға базарлық көп. Театрдың көркемдік жетекшісі Айдын Салбан осыдан бір жыл бұрын балаларға арналған спектакльдерді сахна төріне шығара бастады.

Ертегі Сәкен театрында 10 қазаннан 12 қазанға дейін сахналанады.

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісінің қайта жаңғыруы – ұрпақ тәрбиесі үшін зор маңызға ие. Күймен сүйемелденген туынды шетелдік анимацияға үйір бүлдіршіндерге ұлттың таным, түсінігінен хабар берері сөзсіз. Себебі, қарлығаш біз үшін мейірім мен жақсылықтың символы. Үй ішіне сәбидің жұдырығындай ғана осы құс кірсе, жақсы ырымға жоритын халықпыз. Мезгілі жетсе туған даласына асығатын жыл құсының тіршілігі тағылымға толы.

● ДЗЮДО

Бір алтын, екі қола

Ақтау қаласында дзюдодан Халықаралық Ашық Азия Кубогі өтті. Біріншілікте тоғыз елден келген 250-ге жуық татами шебері бақ сынасты. Облыстан тоғыз спортшы қатысып, Шет ауданының үш балуаны бір алтын, екі қола медаль жеңіп алды.

Турнирдің бас төрешісі – Азия дзюдо одағының директоры Осако Акинобу болды.

Алтын медаль 60 келі салмақта төрт жекпе-жек өткізіп, қарсыластарын айтарлықтай артықшылықпен жеңген 19 жастағы Алдияр Қарағұловта.

– Шет ауданы Босаға ауылынан келдім. Дзюдомен 10 жылдан бері айналысамын. Жаттықтырушыларым Ерлік Биғашев пен Андрей Гуденокке алғысым шексіз. Арманым – Олимпиада чемпионы болу, – деді Алдияр Қарағұлов.

Қола медальдарға 73 және 90 келі салмақта Дастан Жұмажан мен Ұлан Әлтаев ие болды.

● ХОККЕЙ

Бесінші аптаның үздігі

Хоккейден Қазақстан чемпионатының бесінші аптасының үздік ойыншысы анықталды. Бұл мәртебеге «Сарыарқа» клубының шабуылшысы Никита Баженов лайық деп танылды.

«Сарыарқа» клубының тәжірибелі шабуылшысы өз командасының нәтижелі аптасын ойдағыдай өткізуге және қатарынан төрт матчта жеңіске жетуге барын салды.

Атап айтсақ, Никита Баженов үш ойында ерекше көзге түсіп, командасына пайдалы ойыншы ретіндегі көрсеткіші +4-ке жоғарылап, 6 (2 +4) ұпай жинады.

Жалпы алғанда, ол қарсылас командалардың қақпасына бағыттаған соққыларының 40%-ын жүзеге асырған.

Бүгінгі таңда Никита қарағандылықтар арасындағы ең нәтижелі үш ойыншының қатарына кіреді.

● САДАҚ АТУ

Жебесі желмен жарысқандар

Балқашта Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына арналған садақ атудан Халықаралық турнир өтті. Біріншілікке Түркия, Қырғызстан және Қазақстаннан 120-дан астам спортшы қатысты. Біріншілік жасөспірімдер және ересектер арасында пута, Орта Азия, қалқан және жамбы санаттарында өтті.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық спортты, қазақы дәстүрді дәріптеп, дамытуды мұрат тұтқан доданың ұйымдастырылуына садақ атудан спорт шебері, Қазақстанның дәстүрлі және классикалық садақ атудан аға жаттықтырушысы Жұмағазы Мұхаметжанов мұрындық болды.

– Бұл жарыстардың ерекшелігі сол, қатысушылар садақ атудың үш түрінен жарысты: дәстүрлі, классикалық және аралас. Қазақстанда мұндай жарыс бірінші рет ұйымдастырылып отыр. Біз халықаралық турнирге үш айға жуық дайындалдық, барлығы жақсы деңгейде өтті. Қазіргі таңда дәстүрлі садақ ату спорты әсіресе, жастар арасында қарыштап дамып келеді. Сайын даланы мекендеген ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан бұл спортты дамытып, өркендету үшін жаңаша бағытта жұмыстар атқарылуда. Сан ғасырлар бойы атадан қалған аманаттай қастерлі болып келген көне дәстүрлі садақ ату спортын жастар арасында насихаттауды мақсат етіп отырмыз. Сонымен қатар, кемелді келешек иелерін ұлтын сүюге және патриоттық тәлім-тәрбиеге баулу, – дейді Жұмағазы Мұхаметжанов.

Жарыста әйелдер мен жасөспірімдерден тұрған топтар және ерлерден құрылған топтар өзара мықтыны анықтады. Іріктеу кезеңінде әйелдер мен жасөспірімдер 30 метр қашықтықта сынға түссе, ерлер 100 метрден садақ атып жарысты. Әрбір қатысушыға үш мүмкіндіктен беріліп, әр мүмкіндікте алты жебеден атылды. Ақтық сынға шыққандар өз топтарында үлкен және кіші финал үшін жарысты.

Микс жаттығуы бойынша дәстүрлі садақ атудан I орынды Челек Умутчан мен Гулай Чобаноглу (Түркия), II орынды Исхак Тоханов пен Сиюта Айбеккызы (Қырғызстан), III орынды Бахтияр Тұрысбеков (Алматы) пен Гүлжанат Ешпаева (Ұлытау облысы) еншіледі.

Ал, турнирдің қорытындысында, ерлер арасында дәстүрлі садақ атудан I орынды Ынтымақ Мурадильуулу (Қырғызстан) иеленді. Әйелдер арасында қарағандылық Кая Мазнева үздік атанды. Ұлдар мен қыздар арасында Түркістаннан келген спортшылар Алмаз Амантай мен Аяла Тұрарбек жеңіске жетті. Дәстүрлі аралас атысында Түркиядан келген садақшылар Челек Умутчан мен Гулай Чобаноглу жеңіске жетті. Компаунд атуда бірінші орынды алматылықтар Арсений Дубровин мен Айлин Чалышкан иеленді. Классикалық атыста Алматыдан келген Елизар Шепотько мен Ғайни Сандықбай алтын медаль жеңіп алды. Сондай-ақ, жамбы атудан ерлердің ішінде ерекше шеберлік танытқан Ысқақ Тоханов (Қырғызстан), әйелдер арасында қарағандылық Кая Мазнева бас жүлдені қанжығалады.

БАЛҚАШ

● ЖҮЗУ

Қайраткерге лайықты құрмет

Қарағанды қаласында белгілі спорт қайраткері Валерий Громовтың 70 жылдығына орай суға жүзуден турнир өтті. Барлығы 150-ге жуық спортшы қатысқан ашық біріншілікке қатысушылардың белсенділігі жоғары болды.

Жарыс жолына шығып, бағын сынаған спортшылардың бірі – Зере Мұрат. Оның жасы 12-де. Суға жүзумен айналысып жүргеніне 6 жылдан асты. Бұл жарыста ол брасс әдісімен 50 және 100 метр қашықтықта екінші орынды еншіледі.

Күн ұзаққа созылған турнир қорытындысында үздік шыққан спортшылар арнайы марапатқа және ақшалай сыйақыға ие болды. Шара соңында ардагерлер арасында ұйымдастырылған эстафетаға Громовтар әулеті бір команда боп қатысты. Бұл – жас спортшылар үшін өнегелі естелік болды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 114 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ІЛИЯШ**